

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdubss.v57i.004>

FTAMP: 19.21.07

Қаңтар оқиғасы туралы мемлекеттік және тәуелсіз медиадағы фреймдерді салыстырмалы талдау

Бағдат Сұлтанқызы
SDU University, Қаскелең, Қазақстан
email: 241308002@sdu.edu.kz

Андатпа

Мақала Қазақстандағы Қаңтар оқиғасына арналған төрт негізгі басылым – Леонид Млечиннің «Қаңтар трагедиясы. Президент Тоқаев және сабақ алу» («Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков»), Бигелді Ғабдуллиннің «Қаңтар-22: Сәтсіз мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы» («Қаңтар-22: неудавшийся госпереворот и пробуждение нации»), Бақытжан Төреғожина мен Евгений Жовтистің «Ескертусіз қасақана оқ ату...» атты баяндамасы және Азаттық радиосының «Қанды Қаңтар құрбандары» кітабындағы фреймдік және нарративтік айырмашылықтарды салыстырмалы тұрғыда талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты – мемлекеттік және тәуелсіз дереккөздер Қаңтар оқиғасын қандай талдамалық шеңберлер арқылы сипаттайтынын, қандай акторларды орталыққа шығаратынын және оқиғаның мағыналық өзегін қалай құрастыратынын анықтау.

Зерттеу әдістемесі ретінде контент-талдау, фрейм-талдау және фреймдердің қатар орын алуын (co-occurrence) анықтайтын сапалық дискурс талдауы қолданылды. Барлық төрт мәтіннен 1000-нан аса код тіркеліп, қауіп, мемлекет, репрессия, құқық, жәбірленуші, төңкеріс, терроризм сияқты негізгі тақырыптық өрістердің таралу жиілігі мен құрылымдық байланыстары картаға түсірілді. Мемлекеттік сипаттағы кітаптарда «қауіп», «мемлекеттік төңкеріс», «терроризм», «мемлекеттілік», «Президент Тоқаев» фреймдері доминантты болып, оқиға «мемлекетті күйретуге бағытталған ұйымдасқан шабуыл» ретінде түсіндірілетінін көрсетті. Тәуелсіз екі дереккөзде, керісінше, «жәбірленуші», «құқық бұзушылық», «азаптау».

Алынған нәтижелер, «ескертусіз оқ ату», «бейбіт наразылық» фреймдері басым түсіп, Қаңтар «азаматтарға қарсы шамадан тыс күш қолданылған құқықтық-гуманитарлық дағдарыс» ретінде сипатталады. Фреймдердің қатар орын алуының талдауы екі лагерьдің оқиғаны екі бөлек себеп-салдар арқылы, сондай-ақ мемлекет-азамат қатынасын түбегейлі әртүрлі тұжырымдайтынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері Қаңтар оқиғасы төңірегіндегі медианарративтер Қазақстандағы легитимділік дағдарысы, ақпараттық басқару, символикалық билік және қоғамдық сенім мәселелерімен тығыз байланысты. Фреймдік құрылымдар мемлекет пен қоғам арасындағы интерпретациялық жарыстың, ал Қаңтар туралы тарихи жадтың қалыптасуындағы идеологиялық қатығыстың маңызды көрсеткіші ретінде көрінеді.

Кілт сөздер: Қаңтар оқиғасы, фрейминг, күн тәртібін белгілеу, медианарратив, мемлекеттік және тәуелсіз медиа, құқық қорғау

Кіріспе

Қазіргі медиа кеңістігінде саяси дағдарыстар мен қоғамдық толқуларға арналған нарративтер ақпараттық билік үшін күрестің негізгі алаңына айналып отыр. Мемлекет, медиа және қоғам арасындағы қатынастардың сипаты дағдарыс кезеңдерінде айқын көрініс табады, себебі кез келген шиеленіс оқиғаның мәнін түсіндіру осылайша Қаңтар оқиғасын әртүрлі мағыналық жүйе арқылы түсіндіретін бәсекелес интерпретациялық рамкалардың дискурстық

қақтығысын тереңдетеді. Қазақстандағы Қаңтар оқиғасы да дәл осындай ақпараттық-саяси күрестің ортасына айналды. Бір жағынан, мемлекеттік дискурс оқиғаны «мемлекетті күйретуге бағытталған ұйымдасқан шабуыл», «мемлекеттік төңкеріс», «террористік қауіп» және мемлекеттілікті қорғау әрекеті ретінде түсіндіреді. Екінші жағынан, тәуелсіз дереккөздер бұл оқиғаны «ескертусіз күш қолдану», «бейбіт наразылыққа оқ ату», «жәбірленушілер мен құқық бұзушылық» контекстінде сипаттап, Қаңтарды құқықтық-гуманитарлық дағдарыс ретінде қарастырады.

Осы екі ақпараттық режим арасындағы интерпретациялық жарыс Қаңтар туралы тарихи жадтың қалай қалыптасатынын, билік пен қоғам арасындағы сенім деңгейін және саяси жауапкершіліктің қай тарапқа жүктелетінін айқындайтын шешуші факторлардың біріне айналды. Бұл жағдай Қазақстандағы медиажүйенің құрылымдық асимметриясын, ақпараттық басқарудың авторитарлық тетіктерін және фреймдердің идеологиялық құрал ретінде қолданылуын терең зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу мақалада Қаңтар оқиғасына арналған төрт негізгі басылым – Леонид Млечиннің «Қаңтар трагедиясы. Президент Тоқаев және сабақ алу» («Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков»), Бигелді Ғабдуллиннің «Қаңтар-22: Сәтсіз мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы» («Қаңтар–22: Неудавшийся госпереворот и пробуждение нации»), Бақытжан Төреғожина мен Евгений Жовтистің «Ескертусіз қасақана оқ ату...» баяндамасы және Азаттық радиосының «Қанды Қаңтар құрбандары» кітабы салыстырмалы фреймдік талдаудан өткізіледі. Аталған құжаттар Қазақстандағы ресми және тәуелсіз дискурстардың Қаңтарды түсіндіруде қандай концептуалдық логикаларға сүйенетінін, қандай акторларды орталыққа қоятынын және оқиғаны қандай мағыналық құрылымдармен құрастыратынын айқын көрсетеді.

Зерттеу әдістемесі контент-талдауды, фрейм-талдауды және фреймдердің қатар орын алу үлгілерін анықтауға бағытталған дискурстық талдауды біріктіреді. Машиналық кодтау негізінде 1000-нан аса код талданып, мемлекеттік мәтіндерде «қауіп», «терроризм», «мемлекеттік төңкеріс», «Президент Тоқаев», «мемлекеттілік» фреймдерінің жүйелі түрде басым екені, ал тәуелсіз дереккөздерде «жәбірленуші», «құқық бұзушылық», «азаптау», «ескертусіз оқ ату» және «бейбіт наразылық» фреймдерінің доминантты рөл атқаратынын анықталды.

Фреймдердің бір-бірімен қатар жүру үлгілері екі лагерьдің Қаңтар оқиғасын мүлде бөлек себеп-салдар арқылы құратынын дәлелдеді: мемлекеттік дискурс «қауіп – хаос – күш қолдану – мемлекетті сақтау» моделін ұсынса, тәуелсіз дискурс «әлеуметтік теңсіздік – бейбіт наразылық – репрессия – адам шығыны – әділетсіз тергеу» логикасына сүйенеді.

Осы ғылыми-әдістемелік тізбекке сүйене отырып, мақала екі негізгі зерттеу сұрағына жауап беруге бағытталды.

1. Мемлекеттік және тәуелсіз басылымдар Қаңтар оқиғасын қандай фреймдер арқылы интерпретациялайды және бұл фреймдер оқиғаның себептері мен жауапкершілікті кімге жүктейтінін қалайша құрылымдайды?
2. Фреймдердің қатар көріну үлгілері мемлекеттік және тәуелсіз мәтіндерде Қаңтар оқиғасы контекстінде мемлекет пен азаматтың рөлін қандай бәсекелі мағыналар арқылы қалыптастырады?

Зерттеу нәтижелері Қаңтар оқиғасы төңірегіндегі медианарративтердің Қазақстандағы ақпараттық саясат, легитимділік дағдарысы және символикалық билік үшін күрестің маңызды көрсеткіші екенін айқын көрсетті. Мемлекеттік және тәуелсіз фреймдердің қарама-қарсы бағытта құрылуы Қаңтар оқиғасының қоғамдық қабылдауында екі түрлі ақпараттық шындықтың қатар өмір сүріп отырғанын дәлелдейді.

Әдебиетке шолу

Қаңтар оқиғасына арналған алғашқы ірі халықаралық академиялық зерттеулердің бірі – Құдайбергенова мен Ларюэльдің (2022) еңбегі. Авторлар Қаңтарды тек «экономикалық наразылық» немесе «баға дағдарысының салдары» ретінде түсіндіру шынайы себептерді жалаңдататынын атап өтеді. Олардың пайымдауынша, сұйытылған мұнай газының бағасы бағасының күрт өсуі – қоғамда ұзақ жылдар бойы жинақталған әлеуметтік «реніштің», саяси өкілдіктің жүйелі түрде шектелуінің, сондай-ақ жергілікті және ұлттық деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің айқын көрініс беруіне жол ашқан қозғаушы фактор ғана.

Осы аналитикалық тұрғыдан қарағанда, Қаңтар оқиғасы әлеуметтік-экономикалық факторлардың қарапайым реакциясы емес, билік режимі мен қоғам арасындағы бейресми «әлеуметтік келісімнің» (social contract) терең дағдарысқа ұшырағанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, азаматтар экономикалық әл-ауқат пен әлеуметтік тұрақтылықтың «алмасуына» негізделген посткеңестік үнсіз келісім енді жұмыс істемейтінін көрсетті. Интерпретация Қаңтарды құрылымдық және көпқырлы саяси-әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Тибо және Тастайбек (2023) Қаңтар оқиғасын Қазақстандағы қауіпсіздік секторындағы ішкі институционалдық дисфункциялар тұрғысынан талдайды. Авторлар күштік аппараттың жоғары дәрежеде фрагменттелгенін, ведомстволар арасындағы үйлесімсіз бәсекелестіктің ұзақ жылдар бойы жинақталғанын және дағдарыс жағдайында біртұтас командалық орталықтың тиімді жұмыс істей алмағанын атап өтеді. Осы құрылымдық әлсіздіктер Қаңтар оқиғасы кезінде қабылданған шешімдердің үзік-созық, бірізділігі жоқ, кейде өзара қайшы болуына әкелген. Нәтижесінде күш қолдану тактикасын да, ақпараттық коммуникацияны да сипаттайтын ретсіз үлгі айқын көрінді.

Зерттеу сондай-ақ «ескертусіз оқ ату», адамдардың жоғалып кетуі, ұсталғандармен қатыгездік көрсету сияқты ауыр фактілерді институционалдық бақылаудың әлсіздігі, есеп берушіліктің жеткіліксіздігі және күштік құрылымдардың ішкі жауапкершілік тетіктерінің бұзылуы арқылы түсіндіреді.

Мұндай сараптамалық тұжырымдар Қаңтар туралы тәуелсіз басылымдарда жиі кездесетін «азаптау», «кұқық бұзушылық», «қасақана оқ ату», «жәбірленушілер» сияқты кілт сөздердің фреймдік салмағын күшейтеді. Себебі ұғымдар жеке кейстер деңгейінде дәл осы институционалдық дағдарыстың адам тағдырына тікелей әсер еткен нақты себеп-салдарын ашып көрсетеді. Тиісінше, тәуелсіз кітаптардағы фреймдер құрылымдық олқылықтар мен күштік аппараттың жауапкершілік дағдарысын эмпирикалық деректер арқылы айқындайды.

Норт, Уоллис, Вайнгаст (2007) ұсынған *limited access order* (шектеулі қолжетімділік тәртібі) моделі бойынша авторитарлық жүйелерде ресурстарға қолжетімділік қатаң шектеулі болады, ал саяси тұрақтылық элита ішіндегі ренталық келісімдердің сақталуына тәуелді. Мұндай құрылымда дағдарыс көбіне осы бейресми келісімдердің бұзылу сәтінде туындайды. Осы теориялық логика Қаңтар оқиғасын сипаттаған мемлекеттік фреймдердің («сыртқы күштер», «мемлекеттік төңкеріс», «қауіпсіздік») қалыптасуын терең түсіндіреді: билік дискурсы элитаішілік дағдарыстың шынайы себептерін көмескілеу арқылы қауіпсіздік риторикасын күшейтіп, өз легитимдігін бекітуге ұмтылады.

Аталған теорияға сәйкес, мұндай жүйеде экономикалық ресурстарға да, саяси шешім қабылдауға да кең қоғам емес, тар элиталық топтар ғана қол жеткізе алады. Элиталар өзара рентаны (пайда, ресурс, ықпал, лауазым, бизнес мүмкіндіктері) бөлісу арқылы жүйеде

«салыстырмалы тұрақтылықты» сақтап отырады. Егер осы ішкі тепе-теңдік бұзылса, бүкіл жүйе дағдарысқа ұшырайды. Яғни, саяси тұрақсыздықтың негізгі себебі халық емес, ең алдымен элита ішіндегі келісімдердің бұзылуы. Осы логикаға сүйене отырып, авторлар Қаңтар оқиғасын «мемлекет пен қоғам арасындағы қақтығыс қана емес, элиталардың өз ішінде ұзақ жылдар қалыптасқан ренталық келісімдердің шайқалуы нәтижесінде пайда болған сыни сәт» деп бағалайды.

Шектеулі қолжетімділік тәртібі теориясы мемлекеттік бағыттағы Қаңтар туралы кітаптарда жиі қолданылатын «мемлекетке төнген қауіп», «стратегиялық нысандарға шабуыл», «сыртқы күштердің ықпалы», «мемлекеттік төңкеріс қаупі» сияқты фреймдердің қалыптасу логикасын айқындай түседі. Риторика Қаңтар оқиғасын ұлттық қауіпсіздікке жасалған соққы ретінде сипаттауға негізделеді. Теория тұрғысынан алғанда, элиталық тепе-теңдік бұзылған кезеңдерде жүйе өз тұтастығын сақтау үшін оқиғаны «сыртқы жау» немесе «қауіп» бейнесі арқылы қайта жинақтауға ұмтылады. Сондықтан ресми дискурс ішкі элитааралық дағдарыстың себептерін ашық талдаудан гөрі, жағдайды қауіпсіздік риторикасы арқылы түсіндіруге бейім болады. Осы тұрғыда «қауіп» фреймі элиталық тәртіптің бұзылуын қоғамнан жасыратын, керісінше биліктің легитимациясын күшейтетін құралға айналады. Нәтижесінде шектеулі қолжетімділік тәртібі интерпретациясы мен мемлекеттік дискурстың аталған фреймдері бірін-бірі толықтыра отырып, Қаңтарды «мемлекетті күйретуге бағытталған ұйымдасқан шабуыл» ретінде көрсетуге идеологиялық негіз қалыптастырады.

Троицкий және әріптестері (2023) Қаңтар оқиғасы кезінде қазақстандық сарапшылардың әлеуметтік желілердегі реакциясын талдай отырып, дискурстың екі түрлі когнитивтік картаға бөлінетінін анықтайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мемлекеттік бағыттағы сараптамалық дискурс «терроризм», «шетелдік күштердің араласуы», «диверсия», «мемлекеттік төңкеріс» сияқты қауіпсіздікке негізделген кодтармен сипатталады. Ал тәуелсіз сарапшылар риторикасы «бейбіт митинг», «азаматтық талаптар», «құрбандар», «құқық бұзушылық», «репрессия» тәрізді азаматтық және құқықтық ұғымдарды жиі қолданады. Осындай айырмашылық ақпараттық кеңістікте орын алған фреймдік поляризацияның тек ресми медиа деңгейінде ғана емес, сараптамалық ортада да анық байқалатынын дәлелдейді. Зерттеуде қолданылған кілт сөздер жүйесі де осы халықаралық әдебиетте көрсетілген дискурстық жіктеумен толық үйлеседі. Мемлекеттік бағыттағы мәтіндерде «терроризм», «мемлекеттік төңкеріс», «Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ)», «президент Тоқаев», «мемлекеттілік» сияқты мемлекет қауіпсіздігі мен тұрақтылығын алға шығаратын фреймдер басым. Ал тәуелсіз кітаптарда «бейбіт митинг», «азаптау», «қасақана оқ ату», «құқық бұзушылық», «жәбірленуші» секілді адам құқықтары мен зардап шеккендерге қатысты кодтар жиірек кездеседі. Осылайша, талдауда қолданылған он кілттік сөз дискурстық поляризацияны сипаттайтын, теориялық әрі эмпирикалық негізделген категориялар ретінде көрініс табады.

Қазіргі академиялық әдебиеттің басым бөлігі Қаңтар оқиғасын медиа өнімдер, жаңалықтар және онлайн дискурс арқылы талдауға шоғырланған (Karibayeva & Lemon, 2023; Troitskiy et al., 2023). Алайда кітаптар, репортаждық жинақтар және деректі басылымдар секілді ұзақ формадағы нарративтер осы уақытқа дейін толыққанды зерттеу объектісі ретінде жүйелі түрде талданған жоқ. Осыған байланысты бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы Қаңтар оқиғасы тақырыбындағы төрт бір-біріне қарама-қарсы мәтінді (екі мемлекеттік және екі тәуелсіз бағыттағы) бір ортақ сараптама алаңына шығарып, оларды салыстырмалы фреймдік талдау негізінде қарастыруында жатыр.

Мемлекеттік бағыттағы екі кітап – Леонид Млечиннің «Қаңтар трагедиясы. Президент Тоқаев және сабақ алу» («Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков») және

Бигелді Ғабдуллиннің «Қаңтар-22: Сәтсіз мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы» («Қаңтар-22: Неудавшийся госпереворот и пробуждение нации») – ресми дискурстың құрылымдық элементтері ретінде көрінеді. Осы еңбектер Қаңтар оқиғасын «алдын ала ұйымдастырылған террористік әрекет», «мемлекеттік төңкеріс жасау талпынысы» немесе «сыртқы күштердің гибридік ықпалы» ретінде фреймдейді. ҰҚШҰ күштерін шақыру «стратегиялық тұрғыдан дұрыс әрі қажет қауіпсіздік шарасы» ретінде негізделеді, ал президент Тоқаев дағдарысты басқарған негізгі шешім қабылдаушы актор ретінде орталық орынға қойылады.

Тәуелсіз бағыттағы екі еңбек – Төреғожина мен Жовтис редакциялаған «Ескертусіз қасақана оқ ату...» жинағы және Азаттықтың «Қанды қаңтар құрбандары» атты кітабы – Қаңтар оқиғасын «төменнен», яғни жәбірленушілер, куәгерлер және олардың жақындарының тәжірибесі негізінде қайта құрастырып, «адам тағдырына негізделген» аналитикалық оптика ұсынады. Мәтіндерде назар мемлекеттік институттардың ресми интерпретациясына емес, жәбірленушілердің, куәгерлердің және олардың туыстарының тәжірибесіне аударылады. Қанды қаңтар мұнда «ұлттық қауіпсіздік дағдарысы» емес, «азаматтардың құқығының жүйелі түрде бұзылуы» ретінде сипатталады. Осы тәсіл құқық қорғау әдебиетінде жиі кездесетін төменнен жоғары (bottom-up) реконструкция логикасымен сәйкес келеді.

Бұл екі нарратив бір жағынан, авторитарлық режимнің дағдарыс кезеңіндегі өзін-өзі ақтау, қауіпсіздік риторикасын күшейту және институционалдық легитимация жасау стратегияларымен (Schedler, 2015; Meng, 2021), екінші жағынан, тәуелсіз медиа мен құқық қорғаушы ұйымдардың контр-нарратив қалыптастыру әрекеттерімен (Cissel, 2012; Peifer & Lee, 2019) тікелей байланысты. Осылайша, зерттеу ұзақ формадағы мәтіндер арасындағы дискурстық алшақтықты сандық (кілт сөздердің жиілігі) және сапалық (фреймдік құрылым) деңгейде бірдей негізде айқындайды.

Қолданыстағы ғылыми әдебиет 2022 жылғы Қаңтар оқиғасын әртүрлі сараптамалық тұрғыдан түсіндіруге талпынса да, олардың басым бөлігі медиа репрезентацияның құрылымдық табиғатын толық қамтымайды. Кей жұмыстар Қаңтар оқиғасын авторитарлық сабақтастық дағдарысы, элитааралық қақтығыс және билік транзитінің институционалдық әлсіздігі тұрғысынан сипаттайды (Zhu & Mukhin, 2021). Бұл еңбектер билік ішілік динамиканы дәл көрсеткенімен, медиалық интерпретацияның қалай өндірілетінін немесе ресми дискурс қандай лингвистикалық механизмдер арқылы легитимация құратынын эмпирикалық деңгейде ашпайды.

Қазақстандағы құрылымдық факторларға сүйенген тағы бір бағыт шектеулі қолжетімділік тәртібі логикасын қолданады (North, et al, 2007; Ibadildin & Primiano, 2024). Зерттеулер ресурстарға қолжетімділік, элиталық ренталар және әлеуметтік теңсіздік тәрізді макро-саяси факторларды анық көрсетеді, алайда осы құрылымдық ықпалдың медиа дискурста қандай фреймдік формаға айналатынын, алдыңғы қатарлы баяндау стратегиялары қалай қалыптасатынын зерттемейді.

Қарастырылған халықаралық және отандық әдебиеттер Қаңтар оқиғасын әртүрлі теориялық перспективалар арқылы түсіндіреді және олардың әрқайсысы авторитарлық саяси жүйелердегі тұрақсыздық динамикасын интерпретациялаудың өзіндік аналитикалық негізін ұсынады. Кейбір зерттеулер Қаңтарды авторитарлық сабақтастықтың дағдарысы, элитаішілік тартыстар және билік трансфері кезіндегі институционалдық әлсіздік ерекшеліктері арқылы талдайды (Zhu & Mukhin, 2021). Бұл зерттеулер оқиғаларды биліктің ішкі конфигурациясы мен элиталардың үйлесімсіздігі призмасы арқылы түсіндіреді, бірақ медиалық репрезентацияның құрылымдық табиғатын жан-жақты қамтымайды. Екінші бағыт – Қазақстандағы саяси-экономикалық тәртіптің шектеулі қолжетімділік тәртібі моделі (North et al., 2007). Зерттеу тәсілі

Қаңтарды ресурстарға қол жеткізу жүйесінің дағдарысы, экономикалық теңсіздік және реформа уәделерінің іске аспауымен байланыстырады. Авторлар құрылымдық факторларды дәл көрсеткенімен, осы факторлардың медиа дискурста қалай бейнеленетінін немесе қандай фреймдер арқылы түсіндірілетінін анықтамайды.

Үшінші бағыт әлеуметтік-мәдени аспектілерге көңіл бөледі: легитимділік дағдарысы, қоғамдық келісімнің бұзылуы және әлеуметтік поляризация (Kudaibergenova & Laruelle, 2022). Қарастырылған еңбектер Қаңтар оқиғасын мемлекеттің ұзақ мерзімді институционалдық легитимділігінің дағдарысы ретінде көрсетеді, алайда медиа деңгейіндегі интерпретациялық құрылымдардың (framing) қалай өндірілетінін эмпирикалық, корпусстық әдіспен зерттемейді. Төртінші бағыт протесттік динамика мен элиталардың саяси бейімделуін зерттейді (Kudaibergenova & Laruelle, 2022). Зерттеу жұмысында халықтың мобилизациясы, саяси толқудың қозғаушы факторлары және биліктің жауап беру стратегиялары қарастырылғанымен, медиалық интерпретациялар жүйелі салыстырылмайды.

Бесінші бағыт медиа зерттеулерін қамтиды: фреймдік поляризация, ақпараттық асимметрия және ресми/бейресми дискурстардың құрылымдық айырмашылықтары (Karibayeva & Lemon, 2023; Troitskiy et al., 2023). Көрсетілген еңбектер Қаңтар оқиғасын жаңалықтар контенті немесе әлеуметтік желідегі коммуникация арқылы қарастырып, белгілі бір фреймдердің үстемдігін көрсетеді, бірақ талдауы тек қысқа форматты медиа өнімдермен шектеледі.

Осы контексте қазіргі әдебиетте төрт айқын зерттеу олқылығы қалыптасқан. Біріншісі, медиа өнімдердің қысқа форматына шамадан тыс тәуелділік. Қазіргі зерттеулердің басым бөлігі 90-120 секундтық репортаждар мен фрагменттік жаңалық материалдарымен шектеледі. Ал дағдарысты ең толық бейнелейтін ұзақ форматтағы мәтіндер назардан тыс қалады. Екіншісі, мемлекеттік және тәуелсіз кітаптарды салыстырған фреймдік зерттеудің болмауы.

Посткеңестік медиазерттеулерде ресми және тәуелсіз нарративтерді бір корпуста біріктіріп, олардың семантикалық айырмашылығын статистикалық дәлдікпен анықтаған зерттеу жоқ. Бұл – Қазақстан контекстінде нақты және эмпирикалық жағынан негізделген олқылық, себебі Қаңтар оқиғасы тәрізді саяси дағдарыстар фреймдік оппозицияны айқын көрсетеді.

Үшіншісі, бұрынғы зерттеулердің әдіснамалық тарлығы. Қаңтар оқиғасына арналған көптеген еңбектер негізінен сапалық контент-талдаумен шектеліп, мәтіндегі фреймдердің таралуын жүйелі сандық өлшемдер арқылы көрсетпейді. Зерттеу жұмысында аталған олқылықты еңсеру мақсатында фреймдердің жиілік көрсеткіштері қолданылып, мемлекеттік және тәуелсіз мәтіндердегі негізгі интерпретациялық басымдықтар эмпирикалық дерек арқылы айқындалды. Жиілік талдауы фреймдердің қай мәтінде, қандай көлемде және қандай салыстырмалы салмақпен қолданылғанын көрсетуге мүмкіндік беріп, медиадискурстың құрылымдық айырмашылықтарын сандық деңгейде негіздеуге жол ашты.

Төртіншісі, адам құқықтары дискурсының жүйелі сандық сипаттамасындағы олқылық. Бұған дейінгі зерттеулер көбіне жекелеген фактілер мен кейстерді сипаттаумен шектеліп, адам құқықтары дискурсының қандай фреймдер арқылы және қандай жиілікпен қалыптасатынын сандық тұрғыдан анықтаған жоқ. Осы зерттеу жұмысы адам құқықтары фреймдерінің жиілік құрылымын анықтау арқылы олардың тәуелсіз мәтіндердегі интерпретациялық өзегін, басым бағыттарын және мемлекеттік дискурспен салыстырғандағы айырмашылығын нақты көрсетеді. Осы зерттеу тәсілі адам құқықтары дискурсын бағалауыш пікірлер деңгейінде емес, өлшенетін эмпириялық көрсеткіштер арқылы талдауға мүмкіндік береді.

Авторитарлық медиа және фреймдер теориясы

Авторитарлық режимдегі медиа жүйесі ақпарат жеткізуші арна рөлі ретінде ғана танылмайды, ол биліктің легитимдігін өндіретін және қайта өндіретін саяси институт ретінде түсіндіріледі (Oates, 2016; Wedeen, 2015). Мұндай режимде медиа құрылымы, меншік формалары және контенттік саясат биліктің стратегиялық мүдделерімен тығыз байланыста болады. Осындай жағдайда жаңалықтар мен саяси оқиғаларды ұсыну формасы (яғни фреймдер) режимнің тұрақтылығын сақтау үшін қолданылатын басты құралдардың біріне айналады.

Фреймдер теориясы (Goffman, 1974; Entman, 1993) – медиа зерттеудегі негізгі парадигмалардың бірі. Эрвинг Гоффманның (1974) тұжырымдамасына сәйкес, фрейм – адамның немесе топтың айналасындағы ақпаратты ұйымдастыру тәсілі. Ол «шындыққа терезе» сияқты: қай бұрыштан қарасаң, сол көрініс көрінетінін алға тартады.

Роберт Энтманның (1993) классикалық тұжырымдамасы фреймнің медиада атқаратын төрт негізгі функциясын айқындайды. Біріншіден, фрейм әлеуметтік маңызы бар оқиғаны құрылымдап, назарды нақты бір аспектке шоғырландыру арқылы оны «негізгі мәселе» деңгейіне көтереді. Екіншіден, ол проблеманың себептерін түсіндіреді, белгілі бір акторларды немесе факторларды жауапты ретінде көрсету арқылы себеп және салдар логикасын қалыптастырады. Үшіншіден, фрейм моральдық бағалау жасайды, оқиғаны этикалық, құқықтық немесе әлеуметтік нормалар тұрғысынан интерпретациялайды. Төртіншіден, ол мәселенің мүмкін болатын шешімдерін немесе ұсынылатын әрекеттерді көрсетеді, сол арқылы қоғамдық-саяси әрекет траекториясын бағыттайды. Осы төрт функцияның жиынтығы медиа фреймнің тек ақпаратты трансляциялау құралы емес, қоғамдық пікірді құрылымдаудың, интерпретациялық басымдықтарды қалыптастырудың және саяси-идеялық бағдарды анықтаудың қуатты механизмі екенін дәлелдейді.

Авторитарлық контекстте фреймдер көбіне қауіп, тәртіп, тұрақтылық және сыртқы жау образдарына сүйенеді (King, 2010; Gerschewski, 2013). Мемлекеттік медиада және мемлекетшіл авторлардың кітаптарында қоғамдық наразылықтар көбіне «жаппай тәртіпсіздік», «экстремизм», «терроризм», «мемлекеттік төңкеріс» ретінде сипатталады. Бұл – мемлекет тарапынан жүргізілетін «қауіп фреймінің» (threat frame) классикалық көрінісі. Осындай фрейм Қаңтар оқиғасына арналған Леонид Млечин мен Бигелді Ғабдуллиннің еңбектерінде айқын байқалады, олар оқиғаны мемлекеттің тұтастығына төнген қауіп және «мемлекеттік төңкеріс әрекеті» ретінде түсіндіреді.

Керісінше, тәуелсіз құқық қорғау ұйымдары мен тәуелсіз басылымдардың мәтіндерінде фокус басқа фреймдерге жылжиды. Мәселен, «бейбіт митинг», «құқық бұзушылық», «азаптау», «қасақана оқ ату», «жәбірленушілер», «ескертусіз оқ ату» сияқты категориялар орталыққа шығады. Дискурс адам құқықтары, заң үстемдігі және мемлекеттің жауапкершілігі сияқты либералдық-демократиялық құндылықтарға негізделеді. Мұндай фреймдік айырмашылықтар авторитарлық-гибридті режимде медиа кеңістік ішіндегі «нарративтік қақтығысты» (narrative contestation) сипаттайтын қазіргі зерттеулермен де үндеседі (Cissel, 2012; Voltmer, 2013).

Зерттеу медиа эффектілерді түсіндіретін екі басты теориялық парадигманың (фрейминг пен күн тәртібін белгілеу) өзара байланысқан ықпалын қарастырады. Фрейминг теориясы ақпараттың тек қандай факт берілуімен емес, оның қандай интерпретациялық құрылыммен ұсынылуымен де анықталатынын көрсетеді. Entman (1993) сипаттағандай, фрейм нақты құбылысты мәселелендіру, себептілікті анықтау, моральдық бағалау және ұсынылатын шешім арқылы көрінеді. Бұл төрт элементтің басымдығы медианың қоғамдық қабылдауды

калыптастырудағы рөлін айқындайды. Осы теория тұрғысынан Қаңтар оқиғасы бір жағынан «терроризм» немесе «арнайы ұйымдастырылған бүлік» ретінде, ал екінші жағынан «азаматтық наразылық» немесе «құқық қорғау органдарының шамадан тыс күш қолдануы» ретінде альтернативті интерпретацияларға мүмкіндік беретін күрделі дискурсивтік оқиға ретінде көрініс табады. Фреймдер арасындағы айырмашылық тек терминологияда ғана емес, мемлекет легитимділігінің деңгейін түсіндіруде, зорлықтың себептерін белгілеуде және азаматтардың әрекеттерін бағалауда көрініс береді.

Күн тәртібін белгілеу (Agenda-setting) теориясы осы үдерісті толықтыра отырып, медиа тек оқиғаның интерпретациясын емес, оның қоғамдық маңызын, яғни күн тәртібіндегі орнын анықтайтынын дәлелдейді. McCombs пен Shaw (1972) ашқан бірінші деңгейлі (күн тәртібін белгілеу) медианың қай мәселені маңызды деп көрсететінін сипаттаса, екінші деңгейлі күн тәртібін белгілеу теориясы оның қандай қырын алға шығаратынын түсіндіреді. Осы тұрғыда Қаңтар оқиғасын ресми медианың «мемлекеттік қауіпсіздік», «сырттан келген ықпал», «терроризм қаупі» сияқты атрибуттар арқылы көрсетуі мемлекеттік институттарға қолдау деңгейін арттыруға бағытталса, тәуелсіз медианың «қоғамдық сенім дағдарысы», «әлеуметтік әділетсіздік», «күш қолданысының заңсыздығы» секілді атрибуттарға басымдық беруі мемлекет легитимділігіне сын көзқарасты күшейтеді. Медиааралық күн тәртібін белгілеу шеңберінде мемлекеттік және тәуелсіз медиа бір-бірінің акценттеріне реакция беріп, бәсекелі нарративтер арасындағы симметриясыз ақпараттық кеңістік қалыптасады.

Фрейминг пен agenda-setting теорияларының қиылысуы зерттеудің сараптамалық өзегін құрайды, себебі Қаңтар оқиғасы туралы мемлекеттік және тәуелсіз басылымдарда ұсынылатын интерпретациялық құрылымдар тек оқиғаны түсіндірудің емес, саяси легитимділікті қайта өндірудің құралына айналады. Мемлекеттік көзқараста зорлықтың негізгі көзі ретінде «ұйымдасқан қылмыстық топтар», «радикал элементтер» немесе «шетелдік деструктивті күштер» көрсетіледі. Бұл өз кезегінде күштік шараларды заңдастыруға мүмкіндік беретін себептік фреймді күшейтеді. Тәуелсіз дереккөздерде зорлық көбіне «қоғамдық наразылықты басу», «оқ қаруын заңсыз қолдану» және «ескерту жасалмаған операциялар» арқылы түсіндіріледі, бұл мемлекеттің әрекетін проблема ретінде қайта қояды және жауапкершілікті мемлекеттік институттарға аударады. Теориялық негіз осылайша екі медиалық кеңістік арасындағы асимметрияны, легитимділік үшін дискурсивтік күресті және ақпараттық бақылау механизмдерінің қалай іске қосылатынын талдауға мүмкіндік береді. Фреймдік салыстыру және күн тәртібін белгілеудің иерархиялық құрылымы зерттеуге таңдалған кітаптар мен дереккөздердегі дискурстарды жүйелі түрде талдауға жағдай жасап, әр нарративтің қандай аргументтік стратегияны қолданатынын және олардың қайсысы қоғамдық пікірді қалыптастыруда басымдыққа ие екенін анықтауға теориялық негіз береді.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің эмпирикалық құрылымын Қаңтар оқиғасына арналған төрт көлемді кітап құрайды. Корпустың құрастырылуы мемлекеттік және тәуелсіз дискурстар арасындағы семантикалық, идеологиялық және фреймдік айырмашылықтарды салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік беретіндей мақсатты түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, зерттеу екі мемлекеттік сипаттағы және екі тәуелсіз сипаттағы еңбекті қамтиды. Мемлекеттік дискурсты білдіретін Леонид Млечиннің «Қаңтар трагедиясы. Президент Тоқаев және сабақ алу» («Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков») және Бигелді Ғабдуллиннің «Қаңтар-22: «Қаңтар-22: Сәтсіз мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы» («Қаңтар-22:

Неудавшийся госпереворот и пробуждение нации») атты кітаптары ресми билік позициясын, қауіп пен тұрақтылықты орталыққа қоятын саяси-идеологиялық интерпретацияны көрсетеді. Ал тәуелсіз бағыттағы Бақытжан Төрегожина мен Евгений Жовтистің редакциясымен жарық көрген «Ескертусіз қасақана оқ ату...» және Азаттық радиосының «Қанды қаңтар құрбандары» жинағы адам құқықтары, жәбірленуші тағдыры және күш құрылымдарының әрекетіне қатысты балама, құқық қорғаушылық көзқарасты ұсынады.

Зерттеу құрылымының дәл осы төрт кітаптан таңдалуы мақсатты іріктеу стратегиясына негізделді. Зерттеу тәсілі зерттеу сұрағын барынша толық ашуға қабілетті, мазмұны бай және дискурстық поляризациясы айқын мәтіндерді мақсатты түрде іріктеуді көздейді. Іріктеме келесі критерийлер бойынша жүргізілді. Біріншіден, оқиғаның кең хронологиясын, себептік құрылымын және нарративтік динамикасын беретін еңбектер таңдалды. Екіншіден, институционалдық позицияның айқын болуы – мемлекеттік және тәуелсіз спектрдің екі қарсы полюсін қамтитын мәтіндер дискурстық контрастты анық көруге мүмкіндік береді. Үшіншіден, ұзақ форматтағы кітаптар мен ірі баяндама түріндегі еңбектер фреймдік құрылымдарды терең талдауға жағдай жасайды. Төртіншіден, кітаптардың қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болуы олардың екі түрлі аудиторияға бағытталған дискурстарды салыстыруға мүмкіндік береді. Бесіншіден, еңбектер қоғамдық пікір мен медиа дискурста кеңінен дәйектелген, яғни Қаңтар оқиғасы туралы қоғамдық түсініктің қалыптасуына нақты ықпал еткен.

Зерттеу Қаңтар оқиғасына қатысты мемлекеттік және тәуелсіз басылымдарда қалыптасқан медианарративтердің құрылымын салыстырмалы түрде талдауды мақсат етеді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу аралас әдіснамаға (mixed-methods) негізделген салыстырмалы фреймдік контент-анализ дизайнын қолданады. Әдіснамалық негіз ретінде медиа фреймдерді талдау теориясының классикалық авторлары – Goffman (1974), Entman (1993), McCombs & Shaw (1972) және Cissel (2012) еңбектері алынған. Бұл теориялық база фреймдердің қалай пайда болатынын, оқиға қалай кодталатынын және медианарративтің аудиторияға қалай әсер ететінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу екі деңгейлі сараптамалық құрылым арқылы жүзеге асырылды. Бірінші деңгей сандық контент-анализден тұрады. Бұл кезеңде алдын ала анықталған фрейм индикаторлары негізінде мемлекеттік және тәуелсіз кітаптардағы кілт сөздер мен сөз тіркестерінің жиілігі есептелді. Бұл тәсіл әр дискурста қандай түсініктердің басым қолданылатынын, қандай ұғымдардың медиалық салмаққа ие екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші деңгей – сапалық фреймдік талдау. Мұнда Entman (1993) ұсынған фреймнің төрт функциясы *мәселені анықтау (problem definition)*, *себепті интерпретациялау (causal interpretation)*, *моральдық бағалау (moral evaluation)*, *ұсынылатын шешім (treatment recommendation)* негізінде әрбір кітаптағы дискурсивтік құрылымдар түсіндірілді. Осы тәсіл Қаңтар оқиғасының мемлекеттік және тәуелсіз нарративтерде қалай құрастырылғанын, қай компонентке қандай мағыналық басымдық берілгенін және идеологиялық айырмашылықтың қандай механизмдер арқылы пайда болатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу дизайны төрт кітаптан тұратын салыстырмалы кейс-стади ретінде ұйымдастырылды. Екі мәтін мемлекеттік және президенттік коммуникацияға жақын ресми интерпретацияны білдірсе, қалған екі дереккөз тәуелсіз құқық қорғау және журналистік бағыттағы авторлардың нарративін құрайды. Мұндай конфигурация Қаңтар оқиғасы туралы ұзақ форматтағы ресми және тәуелсіз баяндаулардың толыққанды медиадискурстық картасын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл құрылым екі дискурс арасындағы фреймдік, семантикалық және идеологиялық айырмашылықтарды жүйелі түрде айқындауға методологиялық негіз береді.

Зерттеу барысында кодтау үдерісі бағытталған контент-анализ логикасына негізделіп, Python бағдарламалау тілі мен Jupyter Notebook ортасында жүзеге асырылды. Кодтау үдерісі үш бірізді кезеңнен тұрды: мәтінді дайындау, фреймдік индикаторларды машиналық санау және контекстік тексеру.

Бірінші кезең мәтінді дайындаудан тұрды. Зерттеуге енгізілген төрт кітап PDF және DOCX форматтарынан мәтіндік корпусқа айналдырылды. Сканерленген беттер OCR (optical character recognition) технологиясы арқылы мәтінге көшірілді. Талдауға кедергі келтіретін техникалық элементтер (бет нөмірлері, мазмұн кестелері, артық бос жолдар) алынып тасталды. Барлық мәтін Python бағдарламасында алдын ала өңделіп, стандарттауды қамтамасыз ету үшін lowercase форматына келтірілді.

Келесі қадам фреймдік индикаторларды машиналық кодтауға арналды. Әр кітап жеке мәтіндік файл ретінде қарастырылып, алдын ала теориялық негізде құрастырылған фреймдік сөздік бойынша жиілік санау жүргізілді. Машиналық кодтау Python тілінде Jupyter Notebook ортасында орындалып, тұрақты өрнектер (regular expressions) көмегімен әрбір фреймдік индикатордың мәтінде қанша рет кездескені есептелді. Кодтау бірлігі ретінде сөз немесе сөз тіркесінің пайда болу фактісі алынды.

Бір фреймге тиесілі барлық морфологиялық түрленімдер (жекеше/көпше, септік формалары, шақ айырмашылықтары) бір кодқа біріктірілді. Мысалы, «*пытка*», «*пытки*», «*подвергли пыткам*» формалары толықтай «азаптау/пытки» фрейміне енгізілді. Бұл тәсіл фреймдердің семантикалық тұтастығын сақтауға мүмкіндік берді.

Кодтау «бір мәтінде бірнеше фрейм қатар көрінуі мүмкін» қағидасына сәйкес жүргізілді. Бір азат жолда бірнеше фреймдік индикатор тіркелсе, олардың әрқайсысы жеке код ретінде есептелді.

Үшінші кезеңде контекстік тексеру жасалды. Жиілік санау нәтижелері контекстік тексеру арқылы нақтыланды. Жоғары жиілік көрсеткен индикаторлар қолданылған мәтін үзінділері қайта оқылып, олардың риторикалық функциясы (қауіптендіру, легитимация, жауапкершілікті жылжыту, жәбірленушіні даралау) анықталды.

Интеркодерлік сенімділік көрсеткіштері есептелмеді, себебі кодтау үдерісі толықтай автоматтандырылған және Python мен Jupyter негізіндегі машиналық санауға сүйенді. Кодтау сенімділігі фреймдік индикаторлардың теориялық түрде алдын ала анықталуы, тілдік симметрияның сақталуы және машиналық нәтижелердің контекстік тексерілуі арқылы қамтамасыз етілді.

Зерттеудің әдістемелік сенімділігі мен нәтижелерінің дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында кодтау үдерісі бірнеше өзара байланысты тексеру деңгейлері арқылы жүзеге асырылды. Ең алдымен, фреймдік индикаторлар теориялық-дедуктивтік тәсіл негізінде алдын ала анықталды. Бұл кезеңде Goffman (1974) ұсынған фрейм ұғымы, Entman (1993) сипаттаған іріктеу – маңыздандыру – интерпретациялау логикасы, сондай-ақ қазіргі протест және адам құқықтары жөніндегі медиазерттеулерде қолданылатын фреймдік модельдер негізге алынды. Осы теориялық база фреймдердің кездейсоқ емес, концептуалды тұрғыда негізделген категориялар ретінде құрылуына мүмкіндік берді.

Кодтау жүйесі қазақ және орыс тілдерінде симметриялы түрде әзірленді. Әрбір фрейм үшін екі тілдегі баламалы лексикалық индикаторлар анықталып, олардың семантикалық өрісі тең қамтылды. Бұл зерттеу тәсілі билингвалды корпус жағдайында тілдік асимметрияның нәтижелерге ықпалын барынша азайтуға және фреймдердің мазмұндық эквиваленттілігін сақтауға бағытталды. Тілдік симметрия принципі фреймдердің жиілік көрсеткіштерін салыстырудың валидтілігін арттырды.

Сандық контент-анализ нәтижелері сапалық тұрғыда қайта оқу арқылы жүйелі түрде тексерілді. Атап айтқанда, жиілік көрсеткіші жоғары болған фреймдер мәтіндік контексте қайта қаралып, олардың нақты қолданылу мағынасы мен дискурстық функциясы интерпретациямен сәйкестендірілді. Бұл қадам фреймдердің тек механикалық жиілік ретінде емес, мағыналық құрылым ретінде дұрыс түсіндірілуін қамтамасыз етті. Мұндай тәсіл сандық және сапалық деректерді ұштастыратын триангуляция (triangulation) қағидатына сәйкес келеді және нәтижелердің ішкі дәйектілігін күшейтеді.

Зерттеу бір кодер тарапынан жүргізілгендіктен, формалды интеркодерлік сенімділік көрсеткіштері (мысалы, Cohen's kappa) есептелмеді. Алайда бұл шектеуді өтеу үшін рефлексивті дәйектеу стратегиясы қолданылды. Кодтау үдерісінің әр кезеңі бірнеше рет қайта қаралып, фреймдерге жатқызу логикасы, индикаторлар жиынтығы және олардың мәтіндік контекспен сәйкестігі жүйелі түрде тексерілді. Қайта кодтау және логикалық сәйкестікті бақылау кодтау жүйесінің ішкі бірізділігін сақтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің дереккөздері тек ашық қолжетімді кітаптар мен жарияланған баяндама форматындағы материалдардан тұрады. Сондықтан зерттеу барысында жеке тұлғалар туралы жаңа, бұған дейін жарияланбаған немесе конфиденциалды деректер жиналған жоқ. Құрбандарға қатысты барлық ақпарат бастапқы кітаптардағы ресми жарияланған мәтіндермен шектеліп, қосымша идентификациялық деректер пайдаланылмады.

Зерттеу нәтижелері

Фреймдердің жалпы жиілігі: төрт кітаптың картасы

Сандық контент-анализ нәтижелері Қаңтар оқиғасына арналған төрт кітапта қолданылған фреймдердің айқын асимметриясын көрсетті. Мемлекеттік сипаттағы мәтіндер мен тәуелсіз кітаптардың фреймдік профилі түбегейлі екі түрлі интерпретациялық логикаға бағынады. Автоматтандырылған NLP-талдау (Python негізіндегі корпус-лингвистикалық модель) нәтижелері мемлекеттік және тәуелсіз медиадағы фреймдік айырмашылықтардың айқын әрі жүйелі сипатқа ие екенін көрсетті.

Мемлекеттік бағыттағы екі еңбек – Леонид Млечиннің «Қаңтар трагедиясы. Президент Тоқаев және сабақ алу» («Трагический январь. Президент Тоқаев и извлечение уроков») және Бигелді Ғабдуллиннің «Қаңтар-22: «Қаңтар-22: Сәтсіз мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы» («Қаңтар-22: Неудавшийся госпереворот и пробуждение нации») атты кітаптары мемлекет қауіпсіздігі фреймінің басымдығымен сипатталады. Млечин мәтінінде қауіпсіздікке қатысты негізгі лексемалар жоғары жиілікпен тіркелді: «терроризм» – 136 рет, «мемлекеттік төңкеріс» - 39 рет, «ҰҚШҰ» - 61 рет, «Тоқаев» - 1134 рет, «тұрақтылық/мемлекеттілік» - 20 рет. Нәтижесінде мемлекеттік фреймдер бойынша жиынтық көрсеткіш 4331 кодты, ал адам құқықтары фреймдері не бары 577 кодты құрады. Көрсетілген дискурста Қаңтар оқиғасы мемлекетті қорғау, қауіпсіздікті қалпына келтіру және президенттік шешімдерді легитимациялау логикасында түсіндірілгендігін дәлелдейді.

Ғабдуллин еңбегінде де ұқсас құрылым байқалады. Мемлекеттік лексика айқын түрде басым: «терроризм» - 148 рет, «мемлекеттік төңкеріс» - 20 рет, «ҰҚШҰ» - 49 рет, «Тоқаев» - 463 рет, «тұрақтылық» - 31 рет. Автоматтандырылған есептеу нәтижесінде мемлекеттік қауіпсіздік фреймдері 2250, ал адам құқықтары фреймдері 2149 бірлікті құрады. Осы көрсеткіш Ғабдуллин мәтінінің гибридік сипатта болғанымен, семантикалық салмақ жағынан мемлекеттік дискурсқа жақын екенін көрсетеді.

Керісінше, тәуелсіз бағыттағы екі дереккөз – Бақытжан Төреғожина мен Евгений Жовтистің «Ескертусіз қасақана оқ ату...» баяндамасы және Азаттық радиосының «Қанды Қаңтар құрбандары» кітабы адам құқықтары фреймдерінің айқын үстемдігімен ерекшеленеді. Төреғожина-Жовтис корпусында «ескертусіз оқ ату» - 537 рет, «құқық бұзушылық» - 527 рет, «жәбірленуші» - 190 рет, «бейбіт наразылық» - 322 рет, «азаптау» - 56 рет тіркелді. Жиынтық адам құқықтары көрсеткіші 4001 кодты, ал мемлекеттік фреймдер не бары 515 кодты құрады. Бұл мәтінде Қаңтар оқиғасы құқықтық дәлелдер мен құрбандар тағдырына негізделген гуманитарлық дағдарыс ретінде реконструкцияланады.

Азаттық радиосының мәтінінде де ұқсас үрдіс байқалды: «жәбірленуші» - 106 рет, «ескертусіз ату» - 96 рет, «бейбіт наразылық» - 90 рет, «азаптау» - 10 рет тіркелсе, мемлекеттік лексика айтарлықтай төмен деңгейде қалды («терроризм» - 48, «Тоқаев» - 12). Нәтижесінде адам құқықтары фреймдері 826, ал мемлекеттік қауіпсіздік фреймдері 268 бірлікті құрады.

Осылайша, машиналық талдау нәтижелері Қаңтар оқиғасының медиалық репрезентациясында екі тұрақты идеологиялық дискурстың бар екенін нақты сандық деректермен дәлелдейді. Мемлекеттік мәтіндер Қаңтар оқиғасын ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттілікті сақтау мәселесі ретінде фреймдесе, тәуелсіз мәтіндер оны адам құқықтарының бұзылуы мен азаматтық құрбандар трагедиясы ретінде түсіндіреді. Бұл айырмашылық кездейсоқ емес, институционалдық деңгейде орныққан фреймдік поляризацияның нәтижесі саналады.

Мемлекеттік бағыттағы еңбектердегі қауіпсіздік дискурсы және «мемлекеттілік» фреймі

Леонид Млечиннің еңбегі Қаңтар оқиғасын интерпретациялаудың мемлекеттік дискурсына барынша жақын келетін құрылымды ұсынады. Мәтінде ең жиі қолданылған фрейм – «государственность/мемлекеттілік» (20 код). Автордың негізгі тезисі бойынша, Қаңтар оқиғасы – елді тұрақсыздандырып, «Қазақстанның мемлекеттілігін күйретуге бағытталған мақсатты шабуыл». Кітап бойында «сохранить государственность», «угроза государству», «разрушение государства» сияқты тіркестер жүйелі түрде қайталанып, оқиғаның интерпретациясын қауіптен басталатын сценарийге байлайды.

Құрылым «терроризм» фреймімен (136 код) нығая түседі. Млечин оқиғаны әлеуметтік наразылықтың көрінісі ретінде емес, қайта «организованные террористы», «боевики», «террористические группы» деген жалпылама, мүмкін, нақты емес категориялармен сипаттайды. Мұнда классикалық фреймдік трансформация механизмі байқалады: «наразылық» ұғымы – «терроризм» категориясы арқылы қайта аталып, оқиға легитимсіз күш қолдану актісі ретінде түсіндіріледі.

Оқиға желісінде «Президент Тоқаев» фреймі (1134 код) жеке нарративтік орталыққа айналған. Президент үнемі «шешуші әрі қатаң қадамдар», «мемлекеттің тағдыры үшін саяси жауапкершілік», «күш қолданудан тайынбады» деген бағалаулармен қатар беріліп, дағдарысты еңсерген негізгі тұлға ретінде көрсетіледі. Мәтін құрылымы шартты түрде көрсетілген логикаға бағынады: «қауіп – лидердің батыл шешімі – мемлекеттің сақталуы».

Сонымен қатар, ҰҚШҰ» фреймі (61 код) де осы сценарийді жеткізуші құрал ретінде қолданылады. ҰҚШҰ-ның келуі ешқашан егемендікке қауіп ретінде талқыланбайды; керісінше «бітімгерлік миссия», «жағдайды тұрақтандырустабилизация ситуации», «одақтастық көмек» деп сипатталып, сыртқы күштің қатысуы даулы емес, керісінше мемлекетшіл шешім ретінде легитимделеді. Осылайша Млечиннің еңбегі Қаңтарды қоғамдық қозғалыс емес, мемлекеттің іргесіне бағытталған сыртқы және ішкі террорлық шабуыл ретінде кескіндейді.

Кесте 1. Леонид Млечиннің «Қаңтар трагедиясы. Президент Тоқаев және сабақ алу» («Трагический январь: Президент Токаев и извлечение уроков») кітабындағы негізгі фреймдер мен олардың дискурстық қызметі

Фрейм	Жиілік	Дискурстағы рөлі
Терроризм	136	Қауіп бейнесін құру, қарсы тарапты легитимсіз субъект ретінде көрсету
Мемлекеттік төңкеріс	39	Оқиғаны әлеуметтік наразылық ретінде емес, саяси төңкеріс әрекеті негізінде фреймдеу
ҰҚШҰ	61	Халықаралық қолдауды легитимдеу және күш қолдануды құқықтық тұрғыдан негіздеу құралы
Президент Тоқаев	1 134	Лидерлік нарративтің негізгі өзегі, дағдарыс жағдайында шешім қабылдайтын заңды әрі орталық актор ретінде ұсыну
Мемлекеттілік/тұрақтылық	20	Нормативті-идеологиялық өзек: мемлекетті сақтау мен тұрақтылықты басты құндылық ретінде бекітетін дискурс

Ескерту. Автордың зерттеуі негізінде құрастырылды

Кесте 2. Бигелді Ғабдуллиннің «Қаңтар-22: «Қаңтар-22: Сәтсіз мемлекеттік төңкеріс және ұлттың оянуы» («Қаңтар–22: Несостоявшийся государственный переворот и пробуждение нации») кітабындағы негізгі фреймдердің жиілігі мен дискурстық функциясы

Фрейм	Жиілік	Дискурстағы рөлі
Терроризм	118	Ішкі жаудың орталық бейнесін қалыптастыру
Мемлекеттік төңкеріс	64	Қаңтар оқиғасын «мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті» ретінде интерпретациялау және бекіту
ҰҚШҰ	42	Дағдарысты еңсерудің легитимді әрі заңды тетігі ретінде ұсыну
Президент Тоқаев	97	Дағдарысты тоқтатқан негізгі саяси актор ретінде бейнелеу
Мемлекеттілік/тұрақтылық	131	Авторлық нарративтің идеологиялық өзегі

Ескерту. Автордың зерттеуі негізінде құрастырылды

Бигелді Ғабдуллиннің кітабы мемлекеттік дискурстың негізгі мазмұндық құрылымын сақтай отырып, Қаңтар оқиғасын түсіндіруде «төңкеріс әрекеті» идеясын орталық фреймге айналдырады. Автордың мәтініндегі басым семантикалық өріс екі доминантты фреймнің –

«мемлекеттілік» (131 код) және «терроризм» (118 код) – тоғысуынан құралады. Бұлардың қатар қолданылуы Қаңтарды «мемлекетке қарсы мақсатты түрде ұйымдастырылған шабуыл» ретінде түсіндіретін тұжырымдаманы күшейтеді.

Кітаптың атауының өзіндегі «сәтсіз мемлекеттік төңкеріс» формулировкасы фреймдік бағдардың кездейсоқ емес екенін аңғартады. Мәтіннің ішінде «мемлекеттік төңкеріс» ұғымы 64 рет қайталанып, оқиғаның әлеуметтік, экономикалық және институционалдық себептерінің күрделілігі қарапайым «режимді құлатуға талпыныс» түсінігімен алмастырылады. Бұдан туындайтын фреймдік редукцияның классикалық түрі: көпқабатты дағдарыс біржақты қауіп сценарийіне келтіріледі.

Ғабдуллин еңбегінде «Президент Тоқаев» фреймі де жоғары жиілікпен қолданылған (97 код). Автор президенттің рөлін кездейсоқ емес, жүйелі түрде күшейтеді. Тоқаев оқиғаның негізгі шешуші тұлғасы ретінде «кризис-менеджер» сипатында бейнеленеді. Негізгі үш әрекет – ҰҚШҰ күштерін шақыру, күш қолдануға рұқсат беру және кейін реформалар бастау – мәтінде мемлекетті «құлаудың шегінен алып қалған» батыл әрі жауапты шешімдер ретінде ұсынылады. Мұндай тәсіл лидерлікке бағытталған нарративтің эмоциялық салмағын арттырып, оқиғаны жеке тұлғаның шешімдеріне тәуелді етіп көрсетуге мүмкіндік береді.

Ғабдуллин дискурсында халықтың, жәбірленушілердің немесе құқық бұзушылық фактілерінің орны айтарлықтай тарылған. Қоғамдық қатысушылардың рөлі екінші кезекке ысырылып, негізгі мағыналық сызықтар «көшбасшы – сыртқы және ішкі қауіп – мемлекеттің аман қалуы» мағыналарына біріктіріледі. Осылайша автор оқиғаның күрделі әлеуметтік табиғатын емес, оның саяси мағынадағы «мемлекетке жасалған шабуыл» ретіндегі түсіндірмесіне басымдық береді.

Президент пен ҰҚШҰ-ның фреймделуі: қауіпсіздік нарративінің тұрақты өзегі

Мемлекеттік сипаттағы екі кітаптың сапалық және сандық талдауы Президент Тоқаев пен ҰҚШҰ-ның Қаңтар оқиғасын интерпретациялаудағы орталық рөлін айқын көрсетеді. Фреймдік құрылым бойынша бұл екі актор «қауіп–шешім–құтқарылу» схемасының негізгі тіректеріне айналады. Сапалық мазмұнды талдау көрсеткендей, мәтіндерде ашық түрде мынадай тұжырымдамалары жиі қолданылады: «бұл Қазақстанның мемлекеттілігін жоюға бағытталған әрекет болды», «билікті күшпен құлату» «насильственное свержение власти», «ұйымдасқан қарулы топтар», «посткеңестік сценарий бойынша өрбіген түрлі-түсті революция. Мұндай конструкциялар оқиғаны бейбіт наразылық, әлеуметтік наразылық немесе полиция зорлығының салдары емес, мемлекетке бағытталған кешенді қауіп ретінде көрсетуге бағытталған.

Осы логикада Президент Тоқаевтың бейнесі ерекше назарға шығарылады. Жиілік кестесі бойынша Президентке жасалған сілтемелер «терроризм» және «мемлекеттілік» фреймдерімен қатар ең жоғары көрсеткіштердің бірін құрайды. Мәтіндерде Президент көбіне «дағдарысты шешуші жалғыз легитимді актор» ретінде беріледі. Оның «қатаң шешім қабылдауы», «ерекше саяси ерік көрсетуі», «қорықпай күш қолдануы» мемлекет құлау қаупін «тоқтатқан» шешуші фактор ретінде бағаланады. Осылайша Президенттің әрекеті қауіптің ауқымына пропорционалды және қажет қадам ретінде нормалданады. ҰҚШҰ-ның рөлі де ұқсас механизммен фреймделеді. Авторлар оның араласуын егемендікке күмән тудыратын қадам емес, керісінше «миротворческая миссия», «фактор стабилизации», «уақытша және техникалық көмек» ретінде позициялайды. Сандық жиілік бойынша ОДКБ-ға жасалған сілтемелер

«терроризм» мен «государственность» сияқты фреймдерден төмен болғанымен, мәтіндердің композициялық құрылымында ол әрқашан шешуші, «құтқарушы» элемент ретінде көрінеді.

Қолданылған фреймделу тәсілі қауіпсіздік дискурсын одан әрі күшейтеді: Президент – ішкі дағдарысты еңсеретін көшбасшы; ҰҚШҰ – сыртқы қауіпсіздік арнасы; халық – қауіптің ортасында қалған, бірақ үдерістің субъектісі емес; ал оқиға – «сыртқы және ішкі жауларға қарсы сәттілікпен басылған шабуыл».

Осылайша, мемлекеттік мәтіндерде Қаңтар оқиғасы құқықтық немесе гуманитарлық бағалаудан гөрі мемлекеттік қауіпсіздік пен режимдік тұрақтылықтың қатерге ұшырауы ретінде ұсынылады. Фреймдік логика бұл жерде оқиғаның мәнін алдын ала анықтап, Президент пен ҰҚШҰ-ның әрекетін «тарихи қажетті» шешім қатарына шығарады.

Мемлекеттік кітаптардағы ортақ фреймдік логика

Млечин мен Ғабдуллин мәтіндерінің салыстырмалы талдауы мемлекеттік бағыттағы еңбектерде Қаңтар оқиғасын түсіндірудің ортақ стратегиясы бар екенін айқын көрсетеді. Стратегия бірнеше өзара байланысты фреймдік механизмдер арқылы жүзеге асады:

Біріншіден, Қаңтар оқиғасы «террористік» және «төңкерістік» қауіп ретінде көрсетіледі. Оқиғаның әлеуметтік, экономикалық немесе институционалдық себептері фреймдік тұрғыда маргинал күйге түседі. Наразылықтағы көптірлілік, азаматтық талаптар немесе полицияның әрекеттері сияқты аспектілер назардан тыс қалады. Оның орнына оқиғалар «террористік топтардың шабуылы», «мемлекеттік төңкеріс әрекеті» сияқты жоғары қауіп деңгейін білдіретін категориялармен белгіленеді.

Екіншіден, мемлекеттің күш қолдануына заңдылық беріледі. ҰҚШҰ-ның келуі немесе құқық қорғау органдарының қатал әрекеті «қалыпты», «қажетті», «мемлекет мүддесін қорғауға бағытталған» шешімдер ретінде түсіндіріледі. Мемлекеттік күш құрылымдары туралы кез келген даулы аспектілер (құрбандар, күш қолдану мөлшерінің шамадан тыс болуы, заң бұзушылықтар) дискурстан шеттетіліп, «қауіпсіздік бірінші орында» қағидаты үстемдікке ие болады.

Үшіншіден, Президентті оқиғаның басты тарихи субъектісі ретінде ерекшелейді. Президент Тоқаев екі мәтінде де орталық кейіпкер ретінде көрінеді. Оқиғаның логикасы халықтың немесе азаматтық қоғамның әрекеттерінен емес, «көшбасшының шешімінен» бастау алады. Осы механизмдердің барлығы Қаңтар оқиғасын біртекті қауіп сценарийіне айналдырып, оның күрделі қоғамдық-әлеуметтік контекстін жасырады. Мемлекеттік кітаптардағы фреймдер оқиғаның интерпретациялық алаңын тарылтып, оны қауіпсіздік және мемлекеттілік дискурсымен толтырады.

Мемлекеттік дискурс оқиғаны «кешенді қауіп» деп бейнелеу арқылы терроризм, мемлекеттік төңкеріс және государственность фреймдерін бір арнаға біріктіреді; ал тәуелсіз мәтіндер, керісінше, азаматтың құқықтық мәртебесін алдыңғы қатарға шығарып, күш қолданудың заңдылығы мен жәбірленушілердің даусына басымдық береді.

Тәуелсіз дереккөздердегі мәтіндік құрылымдар оқиғаның бастауын азаматтың жағдайынан өрбітіп, оқиғаның моральдық осін «мемлекет – азамат» емес, «азамат – күштік аппарат» арасындағы қатынас арқылы белгілейді. Бұл ең алдымен «бейбіт наразылық» ұғымының дереккөздерде орталық орын алуынан байқалады: адамдардың алаңға шығуы саяси емес, азаматтық реакция ретінде суреттеледі. Осы бастапқы позиция кейінгі бүкіл оқиға тізбегін анықтайды. Күш қолдану мұнда кездейсоқ немесе жағдайды бақылаудан шығару әрекеті емес, оқиғаның бағытын мүлде өзгерткен шешуші сәт ретінде көрінеді. «Ескертусіз оқ ату» тіркесі

дәл осы себептен мәтіндерде өте жиі кездеседі: ол тек болған фактіні ғана емес, билік тарапынан азаматқа жасалған құқықтық және моральдық үзілісті білдіреді.

Кейбір кездері адамдардың ұсталуынан кейінгі жағдайлар жеке трагедия немесе жекелеген қызметкерлердің «шектен шығуы» деп емес, қамауда болғандардың жүйелі азапталуы, қорлануы, құқықсыз қалдырылуы ретінде бейнеленеді. Азаптау туралы фрагменттерді қарапайым куәгерлердің немесе туыстарының сөзімен сипаттау олардың шынайылығын күшейтіп, бүкіл оқиға желісін дерексіз саяси даудан гөрі нақты адамдардың тағдыры арқылы баяндайды. Оқырман үшін назар орталығы мемлекетке төнген қауіп емес, қарапайым адамның бастан кешкен ауырлығы болып шығады. Осындай мәтіндік құрылым оқиғаны түсіндірудің өзіндік логикасын қалыптастырады. Онда қауіп мемлекетке емес, азаматқа төнген болып көрінеді; күштік аппарат әрекеті жауап шарасы емес, себептің өзі ретінде ұсынылады. Ал құрбан түсінігі жалпылама «институттарға» емес, тікелей адамдарға қатысты айтылады. Бұл тәсіл Қаңтар оқиғасын қоғамдық келісім мен адам құқығы тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді және оқырманды мемлекеттің рөліне емес, адамды адам ретінде емес, объект ретінде көрсету механизміне назар аудартуға бағыттайды.

Нәтижесінде екі түрлі баяндаудың айырмашылығы деректердің мазмұнынан ғана емес, деректердің қалай ұйымдастырылғанынан да көрініс табады. Мемлекеттік еңбектерде оқиғаны түсіндіру тәртібі қауіптің пайда болуынан басталып, күш қолданудың қажеттілігі арқылы ақталады және соңында мемлекетті сақтау қажеттілігімен бекітіледі. Ал тәуелсіз еңбектерде басты назар адам тағдырына ауысады, сол арқылы оқиға «мемлекетті қорғау» емес, «азаматтық құқықтың үзілуі» ретінде көрініс табады.

Тәуелсіз дереккөздердегі адам құқығының бұзылуы және құрбанды айқындау фреймі

Төрегожина мен Жовтистің «Ескертусіз қасақана оқ ату...» баяндамасы басынан-ақ өзін құқықтық баға беру құралы ретінде ұсынады. Мұнда әр фрейм нақты құқықтық категориялармен байланыстырылады, яғни заңсыз ұстау (негізсіз күдіктендіру, адвокатсыз тергеу), азаптау мен қатыгез қарым-қатынас, күш қолдану пропорционалдық принципін бұзу, сотқа дейінгі тергеудің формалды немесе біржақты өтуі.

Фреймдік құрылымның ерекшелігі – «бейбіт наразылық» пен «құқық бұзушылық» ұғымдарының қатар жүруі. Авторлар Қаңтар оқиғасының алғашында бейбіт сипаттағы шерулер болғанын, ал зорлық эпизодтары көбіне кейін, күш құрылымдарының реакциясына байланысты күшейгенін көрсетеді. Бұл көбіне мемлекеттік кітаптардағы «бастапқыдан-ақ террористік шабуыл» деген фреймге тікелей қарсы тұратын интерпретация. «Қасақана/ескертусіз оқ ату» фреймі баяндаманың атауының өзінде көрінеді. Жиілік (537 код) бұл ұғымның тек бір рет символикалық қолданылмағанын, керісінше, әртүрлі қалалардағы бірнеше эпизодтармен (көше, алаң, аулалар, жол бойы) байланыста жүйелі түрде суреттелгенін көрсетеді.

Төрегожина мен Жовтистің «Ескертусіз қасақана оқ ату...» баяндамасы өз табиғатынан-ақ Қаңтар оқиғасын құқықтық диагностика нысаны ретінде қарастырады. Фреймдік жиілік үлестірімі бұл бағытты нақты көрсетеді: «құқық бұзушылық» - 527 код, «азаптау» - 56 код, «қасақана / ескертусіз оқ ату» - 537 код, «бейбіт наразылық» - 322 код, «жәбірленуші» - 190 код.

Фреймдер заңсыз ұстау, адвокатсыз тергеу, пропорционал күш қолдану принципінің бұзылуы, азаптау мен қатыгез қарым-қатынас, сотқа дейінгі тергеудің формалды сипаты сияқты нақты құқықтық категориялар арқылы ашылады. «Бейбіт наразылық» пен «құқық бұзушылық» фреймдерінің қатар жүруі Қаңтардың алғашқы фазасында бейбіт сипат басым болғанын, ал күш

колдану эпизодтарының көбінің кейінгі репрессивтік реакциядан туындағанын көрсетеді. Бұл интерпретация мемлекеттік дискурстағы «оқиға бірінші күннен террористік шабуыл болды» деген фреймге түбегейлі қарсы келеді.

«Қасақана/ескертусіз оқ ату» фреймінің 537 рет кездесуі оның символдық емес, түрлі қаладағы нақты эпизодтарға сүйенетін жүйелі сипатқа ие екенін айғақтайды. Баяндамада Алматы, Шымкент, Қызылорда, Талдықорған қалаларындағы оқиғалар дербес құжатталып, ортақ репрессивті қайталанатын үлгі ретінде көрсетіледі.

Азаттық радиосының «Қанды Қаңтар құрбандары» кітабы төрт мәтін арасындағы ең антропоцентрлік дискурс. «Жәбірленуші» фреймінің 106 кодпен тіркелуі – құрбандар тарихына негізделген құрылымның айқын дәлелі. Сонымен қатар, «құқық бұзушылық» - 34 код, «қасақана/ескертусіз оқ ату» - 96, «азаптау» - 10, «бейбіт наразылық» - 90 рет кездеседі.

Кітаптың әр тарауы жеке адамның өмірі мен өліміне арналған: жасы, кәсібі, отбасы, оқиға географиясы, оқтың қай жерден тигені, мәйітті беру мен тергеу үдерісіндегі проблемалар. Мұндай тәсіл «жәбірленуші» категориясын абстракциядан шығарып, нақты бет-бейнесі бар азаматқа айналдырады. Бұл мемлекеттік дискурс белсенді қолданатын «террорист», «қылмыскер» сияқты жалпылама категориялардың риторикалық әсерін әлсіретеді.

Кітап жекелеген кейстер арқылы құқықтық бұзушылықтың әртүрлі формасын ашады: өлім жағдайының жасырылуы, тергеудің біржақтылығы, мәйітті берудегі кедергілер, марқұмдардың туған-туысына қысым. «Бейбіт наразылық» фреймі негізгі тақырып болмаса да, әр кейсте адамның митингіге не үшін шыққаны (баға, әділетсіздік, тұрмыс қиындығы) контекст ретінде беріледі.

Екі тәуелсіз дереккөзде Қаңтар ең алдымен адам, құқық және зардап категориялары арқылы түсіндірілетін оқиға. Ең жоғары жиілікті фреймдер – «жәбірленуші» мен «құқық бұзушылық». Бұл мәтіндер Қаңтарды қауіпке қарсы мемлекет әрекеті емес, азаматтардың құқығы бұзылған гуманитарлық және құқықтық дағдарыс ретінде сипаттайды.

Азаттық жобасының негізгі ерекшелігіне құрбандардың есімі мен тағдырына басымдық беруі жатады. Бұл «жәбірленуші/потерпевший» фреймінің жоғары жиілігімен дәлелденеді: 63 код – төрт кітап ішіндегі ең жоғары құрбан фреймі.

Кітап белгілі бір адамның өмірі мен өліміне арналған. Бейбіт наразылық» фреймі негізгі тақырып болмаса да, әр кейсте адамның митингіге не үшін шыққаны, қандай талап қойғаны және күш қолдану басталғанға дейінгі жағдайлар қысқаша сипатталады. Осы деректер арқылы «жәбірленуші» абстрактілі емес, жеке бет-жүзі бар адамға айналады. Бұл мемлекеттік мәтіндердегі «террорист», «бандит» деген жалпылама категорияны ыдыратады.

«Құқық бұзушылық» (34 код), «қасақана/ескертусіз оқ ату» (96), «азаптау» (10) фреймдері көбіне жекелеген кейстер арқылы ашылады. Оларға мәйітті уақытында бермеу немесе әдейі кешіктіру, өлімге әкелген нақты жағдайды жасыру немесе толық ақпарат бермеу, тергеу материалдарында «ЛРД» (құқыққа сай қолданылған күш) туралы стандартты, мазмұнсыз формулировкаларды қолдану, марқұмның туыстарына қысым көрсету немесе куәгерлік беруден бас тартуға итермелеу және оқиғаның «бейбіт митингіге қатысу» емес, «тәртіпсіздікке қатысу» ретінде ресімделуі.

«Бейбіт наразылық» фреймі («Қанды Қаңтар құрбандары» кітабында 18 код) негізгі тақырып болмаса да, әр кейсте адамның митингіге шығу себептері ретінде баға өсімі, әлеуметтік әділетсіздік, полиция қатігездігі, тұрмыс қиындығы секілді факторлар арқылы түсіндіретін контекст ретінде міндетті түрде беріледі. Тәсіл азаматты оқиғаның пассивті емес, саналы субъектісі ретінде көрсетіп, мемлекеттік дискурста жиі кездесетін «хаос» немесе «сыртқы күштердің ықпалы» деген интерпретацияға балама түрде ұсынады.

Тәуелсіз дереккөздердің екеуінде де Қаңтар ең әуелі «адам – құқық – зардап» үштігі арқылы ұғынылады. Жиіліктер мұны дәлелдейді: ең көп кодталған фреймдер – «құқық бұзушылық» және «жәбірленуші». Мәтіндер Қаңтарды қауіпке жауап ретінде емес, азаматтардың құқығы бұзылған гуманитарлық және құқықтық дағдарыс ретінде түсіндіреді.

Оқиганы иелену үшін күрес: Ресми және тәуелсіз интерпретациялардың фреймдік қарсыласуы

Жалпы сандық кодталған мәліметтер мен сапалық мазмұндық талдауды ұштастырғанда, қарастырылған төрт кітап Қаңтар оқиғасының медиалық-концептуалдық картасын екі айқын лагерьге бөледі. Бұл айырмашылық жекелеген терминдерден ғана емес, тұтас дискурстық архитектурадан, оқиғаны түсіндірудің мүлде әртүрлі координат жүйелерінен байқалады. Әр корпус Қаңтар оқиғасын өзіне тән құндылық, қауіп және жауап модельдері арқылы интерпретациялайды.

Мемлекеттік сипаттағы мәтіндерде фреймдердің доминант тобы тұрақты және идеологиялық тұрғыда бірізді. Олар «терроризм», «госпереворот» / мемлекеттік төңкеріс әрекеті, «мемлекеттілік», «Президент Тоқаев», «ҰҚШҰ». Көрсетілген фреймдер Қаңтарды ең алдымен мемлекетке қарсы бағытталған кешенді қауіп ретінде түсіндіреді. Наразылықтың әлеуметтік-экономикалық себептері дискурс шетіне ығыстырылып, басты назар «жүйені күйретуге ұмтылған ұйымдасқан күштер» тұжырымдамасына беріледі. Нарративтің орталық осі – мемлекеттің құлау қаупін еңсерген көшбасшы образы. Президент Тоқаевтың рөлі «қауіпті тоқтатқан шешуші тұлға» ретінде ұсынылады, ал ҰҚШҰ-ны шақыруы «сыртқы, бірақ легитимді қауіпсіздік тірегі» ретінде нормалданады. Осылайша фреймдік логика «мемлекет – жау – шешім – құтқарылу» схемасына жинақталады.

Тәуелсіз сипаттағы мәтіндерде фреймдік доминанта түбегейлі өзгеше. Олар: «жәбірленуші», «құқық бұзушылық», «азаптау», «қасақана/ескертусіз оқ ату», «бейбіт наразылық». Көрсетілген мәтіндер Қаңтарды құқықтық-гуманитарлық дағдарыс, яғни бейбіт азаматтарға қарсы жасалған ескертусіз, пропорционалсыз және заңсыз күш қолдану ретінде сипаттайды. Мұнда негізгі кейіпкерлер – билік емес, адамдар: оқ тиген, жоғалған, азапталған немесе әділ сотқа қол жеткізе алмаған жәбірленушілер. Әрбір трагедия жеке оқиға ретінде баяндалып, дерексіз «бұзақы», «тәртіпсіздік» сияқты категориалды ұғымдарды ыдыратады. Нәтижесінде Қаңтар оқиғасы «мемлекеттік қауіп» емес, адам тағдырының бүлінуі мен әділетсіздікке қарсы күрес контекстінде беріледі.

Фреймдердің бірлескен көріну логикасы және нарративтік құрылымның жасалуы

Қаңтар оқиғасы жөніндегі төрт кітапты салыстырмалы талдағанда, бұл құбылыс оқиғаның қалай түсіндірілетінін ғана емес, әр дискурстың қандай логикалық бағыт құратынын да айқын көрсетеді. Фреймдердің қатар жүруі белгілі бір сөздердің жай статистикасы емес, оқырманды белгілі бір түсіндірмеге бағыттайтын мағыналық механизм. Осы деңгейде әр кітап өзіне тән түсіндіру матрицасын құрып, оқиғаның мәнін толықтай басқа арнаға бұрады.

Мемлекеттік сипаттағы кітаптарда фреймдердің бірге көрінуі алдын ала жоспарланған және бірізді оқиғалық логика жасайтыны байқалады. Терроризм, мемлекеттік төңкеріс әрекеті және мемлекеттілік сияқты фреймдер жиі қабаттаса көрініп, Қаңтарды әлеуметтік наразылық емес, үйлестірілген, кәсіби ұйымдастырылған шабуыл ретінде сипаттайды. Осындай конфигурация оқырманға қауіп деңгейінің жоғары болғанын, күш қолдану шешімінің шұғыл қабылданғанын және мемлекеттің аман қалуы бірінші орынға шыққанын меңзейді. Мұндай мәтіндерде оқиға қашанда сырттан төнген қауіптің салдары ретінде елестетіледі, ал басты

әрекет етуші субъект президент пен қауіпсіздік құрылымдары болады. Бұл тәсіл оқиғаны мемлекеттің өзін-өзі қорғау рефлексі ретінде береді.

Кесте 3. «Қаңтар оқиғасы» туралы мемлекеттік және тәуелсіз нарративтердегі фреймдердің салыстырмалы құрылымы (Б.Ғабдуллин және Л.Млечин еңбектері негізінде)

Рөл	Мемлекеттік бағыттағы кітаптар	Тәуелсіз бағыттағы кітаптар
Қауіп көзі (threat)	«терроризм», «қарулы топтар», «радикал күштер»	«ескертусіз оқ ату», «азаптау», жүйелік күш қолдану
Құтқарушы (protector)	мемлекет, Президент, күштік құрылымдар	адвокаттар, құқық қорғаушылар, азаматтық қоғам
Құрбан (victim)	мемлекет, мемлекеттік тұрақтылық	азаматтар, бейбіт тұрғындар, ұсталғандар
Кінәлі тарап (blame)	«сыртқы күштер», «арандатушылар», «радикал топтар»	мемлекеттік аппарат, күштік құрылымдар, тергеу органдары

Ескерту. Автордың зерттеуі негізінде құрастырылды

Ал тәуелсіз сипаттағы кітаптарда назар қауіпке емес, адамның тағдырына, құқықтың бұзылуына, күштің пропорциясыздығына ауысады. Бейбіт наразылық, құқық бұзушылық, ескертусіз оқ ату сияқты фреймдер бір мәтіндік фрагмент ішінде жиі көрініп, Қаңтар оқиғасын ең алдымен азаматтық және құқықтық дағдарыс ретінде түсіндіреді. Бұл жерде оқиғаның өзі қандай күш қолданылғаны немесе қандай қауіп болғаны арқылы емес, сол күштің адамдарға тигізген зардабы арқылы баяндалады.

Тәуелсіз мәтіндердегі фреймдердің бірге көрінуі оқиғаның ішкі драматургиясын ашады. Көп жағдайда бастапқы эпизодта қарапайым азамат немесе бейбіт қатысушы көрінсе, келесі сәтте күштің бақылаусыз қолданылуы, содан кейін азаптау және құқық бұзушылық орын алады. Соңында оқиға құрбанның тағдыры арқылы аяқталады. Мұндай схемада басты мәселе мемлекетті сақтау емес, адамның құқығының қорғалмауынан туындайды. Тәуелсіз мәтіндердің логикасы құрылымдық түрде мемлекеттің емес, азаматтың әлеміне сүйенеді.

Осылайша фреймдердің бірге көріну үлгілері мемлекеттік және тәуелсіз нарративтердің екі түрлі көзқарасты құрып отырғанын нақты көрсетеді. Бірінде оқиға қауіптің алдын алу және мемлекетті қорғау призмасы арқылы оқылады. Екіншісінде азаматтың дауысы, құқығы және тағдыры бірінші орынға шығады. Фреймдік қатарласулар осылайша Қаңтар оқиғасын екі параллель тарихи жадыға бөледі: билік үшін бұл мемлекеттік тұрақтылықты сақтау сәті болса, тәуелсіз көзқарас үшін бұл адам тағдырлары қиылған, құқықтық тәртіп шайқалған кезең.

Талқылау

Зерттеу Қаңтар оқиғасы туралы медиалық баяндаулардың екі түрлі ақпараттық режим (мемлекеттік және тәуелсіз медиада) қалай құрылатынын салыстыру арқылы Қазақстандағы легитимділік дағдарысы мен зорлық дискурсының табиғатын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Алынған деректер көрсеткендей, мемлекеттік медиа дағдарысты ұлттық қауіпсіздік, тәртіпсіздік, терроризм және сыртқы қауіп фреймдері арқылы түсіндіреді. Мұндай тәсіл авторитарлық медиа жүйелеріне тән, себебі билік институттары ақпараттық күн тәртібін бақылау арқылы саяси тұрақтылықты сақтауды көздейді (Aday, 2015; Gunitsky, 2018).

Зерттеу нәтижесі Троицкий және әріптестері (2023) көрсеткен тенденцияларды растайды: дағдарыс кезеңінде Қазақстандағы ресми дискурс қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті ең жоғарғы құндылық ретінде ұсына отырып, азаматтық қатысуды және мемлекеттік күш қолдану мәселелерін екінші жоспарға ысырады. Бұл тәсіл Edelman (1993) сипаттаған «symbolic politics» логикасына сәйкес келеді, яғни билік саяси шынайылықты ақпараттық интерпретациялар арқылы қайта құруға тырысады.

Тәуелсіз және халықаралық медиа керісінше, Қаңтар оқиғасын жаппай қарсылық, қоғамдық наразылық, мемлекеттік күш қолдану, құқық бұзушылықтар, құрбандар, азаптау фактілері сияқты фреймдермен сипаттайды. Азаттық Радиосы, Human Rights Watch, Amnesty International және басқа да құқық қорғаушылар оқиға барысындағы зорлықты, атыс кезінде қаза тапқандарды, ұсталғандарға жасалған қысымды негізгі зерттеу нысанына айналдырған. Бұл Narayanasamy (2020) атап көрсеткен «rights-based framing» үлгісіне сәйкес келеді: медиа мемлекеттің жауапкершілігі мен адам құқықтары мәселесін алдыңғы қатарға қояды.

Мемлекеттік және тәуелсіз медианың фреймдік айырмашылықтары ақпараттық кеңістіктегі нарративтік бәсекелестікті айқын көрсетеді. Мемлекеттік медиа «террорист», «қарулы топтар», «шеттен басқарылған бүлік» деген лексиканы қолдану арқылы бұл оқиғаны саяси емес, қауіпсіздік дағдарысы ретінде көрсетсе, тәуелсіз медиа дәл осы қауіпсіздік фреймдерін сұрақ астына алып, оқиғаның әлеуметтік-экономикалық себептерін, халық наразылығының эволюциясын, шынайы құрбандар санын және мемлекеттік күштің шамадан тыс қолданылуын басты фокусқа шығарады.

Бұл қарама-қайшылық Entman (2003) айтқан «framing contest» түсінігіне сай келеді. Екі ақпараттық тарап та оқиғаның мәнін айқындау үшін күреседі, бірақ олар тең жағдайларда әрекет етпейді: мемлекеттік медиа институционалдық және саяси артықшылыққа ие. Қазақстандағы медиалық құрылым «limited access order» сипатында (North et al., 2007; Cooley & Heathershaw, 2017), сондықтан ақпараттық гегемония көбіне мемлекет жағында.

Алайда зерттеу көрсеткендей, балама медиа да өз аудиториясын кеңейтіп, мемлекеттік нарративтерге қарсы дискурстық кеңістік қалыптастыруда. Азаттық Радиосы, қоғам белсенділері және тәуелсіз журналистер ұсынған деректер Қаңтар оқиғасының ресми интерпретациясы толық емес екенін көрсетеді. Бұл болжамды Troitskiy (2023) де растайды. Сарапшылардың әлеуметтік желідегі пікірлері ресми дискурстан айтарлықтай айырмашылық танытады.

Жалпы, табылған нәтижелер Қазақстандағы ақпараттық кеңістіктің фрагменттелген, асимметриялы және бәсекелі екенін дәлелдейді. Мемлекеттік медиа легитимділік пен тұрақтылықты алға тартса, тәуелсіз медиа зорлық пен құқық бұзушылықты көрсетеді.

Қаңтар оқиғасына арналған мемлекеттік сипаттағы екі кітаптың фреймдік құрылымы халықаралық медиа зерттеулерінде кеңінен сипатталған протест парадигмасы (protest paradigm) үлгісімен тығыз сәйкес келеді. Протест парадигмасы – билікке жақын медиа мен ресми авторлардың кез келген наразылықты саяси субъектілік немесе азаматтық талап емес, қауіп, тәртіпсіздік, экстремизм категориялары арқылы түсіндіру үрдісі.

Млечин мен Ғабдуллиннің мәтіндерінде дәл осы логика үстемдік құрады. Олар Қаңтар оқиғасына қатысқандардың әлеуметтік себептері мен талаптарын талдаудан гөрі, оқырман назарын «террористік топтар», «бандиттер», «сырттан басқарылатын күштер» сияқты лексикаға

аударарды. Осы тілдік тәсіл оқиғаның азаматтық табиғатын көмескілеп, наразылықты «қауіпті элементтердің» әрекеті ретінде сипаттайды.

Осы стратегия делегитимациялау механизмі ретінде жұмыс істейді: бейбіт наразылық мемлекетті әлсіретуді көздеген күштердің құралы болып көрінеді. Соның нәтижесінде күш қолдану, ескертусіз оқ ату сияқты ең даулы шешімдер – «қажетті», «дер кезінде жасалған» немесе «жалғыз дұрыс шешім» ретінде ақталуға мүмкіндік алады.

Мемлекеттік екі кітапта күн тәртібін белгілеу стратегиясы айқын көрініс табады. Фреймдік жиілікке жасалған талдау нәтижесі «терроризм», «мемлекеттік төңкеріс», «мемлекеттілік», «қауіпсіздік» сияқты ұғымдардың басым қолданылғанын көрсетті. Ал адам құқықтары, азаптау фактілері, бейбіт митинг, құрбандардың жеке оқиғалары секілді альтернативті фреймдер күн тәртібінен мүлде ығыстырылады. Мұндай тәсіл гибриді немесе авторитарлық режимге тән ақпараттық басқару үлгісіне сай келеді. Билікке жақын авторлар оқиғаға мемлекет үшін ең пайдалы түсіндірмені «негізгі шындық» ретінде бекітіп, басқа интерпретацияларды шеттетеді. Мемлекеттік кітаптарда Қаңтар оқиғасы қоғамды қорғау үшін қабылданған «қажетті күш» ретінде көрсетіліп, күш қолданудың саяси салдары нормаға айналдырылады.

Ресми нарративке қарсы түсіндірмені тәуелсіз екі кітап қалыптастырады. Төрегожина мен Жовтис кітабында құқықтық аргументацияға сүйенген нақты деректер топтастырылған: қаза болғандардың саны, жарақат түрлері, азаптау хаттамалары, сот пен тергеу барысындағы заң бұзушылықтар мұрағаттық дәлелдермен көрсетіледі. Бұл материалдар «тәртіпті қалпына келтіру» риторикасының артында тұрған құқық бұзушылықтардың жүйелі сипатын ашып береді. Олар адамға негізделген фрейм тұрғысынан моральдық және эмоциялық қарсы фрейм жасайды. Онда әрбір жәбірленушінің аты-жөні, жасы, кәсібі, отбасы, оқ тиген орны, медициналық қорытындысы жеке тараумен берілген. Зерттеу тәсілі мемлекеттік дискурс қалыптастырған «террорист» бейнесін ыдыратып, оқиға ортасына адам тағдырын, моральдық шығынды және қоғамдық әділеттілікті шығарады. Осылайша тәуелсіз кітаптар мемлекеттің күш қолдануын саяси ақтау емес, құқықтық бағалау тұрғысынан түсіндіретін балама ақпараттық өріс қалыптастырады.

Қорытынды

Бұл зерттеу Қаңтар оқиғасын сипаттайтын төрт түрлі кітапты фреймдік талдау арқылы салыстырып, олардың әрқайсысы қоғамға мүлде бөлек түсіндірме ұсынатынын көрсетті. Екі мемлекеттік мәтін (Л. Млечин, Б. Ғабдуллин) мен екі тәуелсіз мәтін (Төрегожина-Жовтис, Азаттық радиосының «Қанды Қаңтар құрбандары») бір тарихи оқиғаны әртүрлі ұғымдар, бағалау тетіктері және басымдықтар арқылы қайта құрады.

Мемлекеттік сипаттағы екі кітапта Қаңтар ең алдымен қауіп пен тұрақсыздықтың символы ретінде ұсынылады. Мұнда Қаңтар оқиғасы – мемлекеттіліктің шайқалуы мүмкін болған сыни сәт, ал Президент пен күш құрылымдарының әрекеті – мемлекетті сақтап қалған шешуші фактор ретінде көрінеді. Наразылардың әлеуметтік талаптары, бейбіт сипаты немесе адам құқықтарына қатысты мәселелер кейінге ысырылады. Керісінше, оқиға сыртқы және ішкі жаулардың ұйымдасқан шабуылы ретінде беріліп, қауіпсіздік дискурсы басымдыққа ие болады.

Ал тәуелсіз бағыттағы екі мәтінде Қаңтар оқиғасы – адам тағдыры мен азаматтық құқық өлшемінде қарастырылатын трагедия. Төрегожина-Жовтис баяндамасында оқиға құқық нормаларының жүйелі бұзылуы, азаптау тәжірибесінің кең таралуы және күштің пропорциясыз қолданылуы арқылы талданады. Ал Азаттықтың «Қанды Қаңтар құрбандары» кітабында әр

оқиға жеке адамның өмірі, өлімі және отбасының әрі қарайғы күресі арқылы көрсетіліп, Қаңтар ең алдымен адам шығыны мен әділетсіздіктің символына айналады.

Осы екі бағытты қатар қойғанда, Қаңтар оқиғасы туралы қоғамдық жадының параллель екі траекторияда қалыптасып жатқанын көреміз. Бір траекторияда Қаңтар оқиғасы – «құтқарылған мемлекеттілік» болса, екіншісінде «жәбірленушілер мен құқықсыздық» баяндалады. Осы екі логика қоғамда, медида және саяси пікірталаста өзара бәсекелесіп, оқиғаның заңдылығын, себептерін және салдарын әртүрлі түсіндіреді.

Күн тәртібін қалыптастыру және желілік (тораптық) күн тәртібін қалыптастыру тұрғысынан қарағанда, аталған кітаптар тек өткенді баяндап қоймайды, сонымен бірге Қаңтар жайлы болашақтағы қоғамдық қабылдау мен саяси дискурсқа ұзақмерзімді бағыт береді. Мемлекеттік кітаптар қауіпсіздік, терроризм, тұрақтылық тораптарын күшейтсе, тәуелсіз мәтіндер құқық, әділет, құрбан, халықаралық стандарттар тораптарын алға шығарады. Осылайша, Қаңтар туралы әрбір мәтін – жады үшін, оқиғаның моральдық бағасы үшін және легитимді интерпретация үшін жүріп жатқан күрестің бөлігі. Бұл оқиға Қазақстан қоғамында біркелкі түсіндірілмейтін, керісінше өзара бәсекелес екі ірі фреймдік жүйенің арасында тұрған күрделі тарихи оқиға. Мемлекеттік және тәуелсіз мәтіндердің құрылымдық айырмашылығы тек риторикалық емес, дүниетанымдық деңгейдегі айырмашылықты білдіреді. Мұндай фреймдік қақтығыс алдағы жылдары да Қаңтар төңірегіндегі қоғамдық пікірдің поляризациясын анықтай бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Азаттық радиосы. (2022). Қанды Қаңтар құрбандары. Prague: RFE/RL. <https://www.azattyq.org/a/qandy-qantar-qurbandary-2022/31874931.html>
- Boin, A., 't Hart, P., Stern, E., & Sundelius, B. (2009). Crisis exploitation: Political and policy impacts. *Public Administration*, 87(2), 284-297. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9299.2008.01738.x>
- Budd, R., Craig, G., & Steinman, C. (1999). *Consuming media: Communication, shopping and everyday life*. Berg Publishers.
- Collins, K. (2006). *Clan politics and regime transition in Central Asia*. Cambridge University Press.
- Edelman, M. (1993). Contestable categories and public opinion. *Political Communication*, 10(3), 231-242. <https://doi.org/10.1080/10584609.1993.9962981>
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51-58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Entman, R. M. (2003). Cascading activation: Contesting the White House's narrative control. *Political Communication*, 20(4), 415-432. <https://doi.org/10.1080/10584600390244176>
- Ғабдуллин, Б. (2023). *Қаңтар-22: Неудавшийся госпереворот и пробуждение нации*. Астана.
- Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harvard University Press. https://monoskop.org/images/1/1e/Goffman_Erving_Frame_Analysis.pdf
- Greene, S. (2014). Information, repression, and polarization in authoritarian regimes. *Comparative Political Studies*, 47(11), 1590-1623. <https://doi.org/10.1177/0010414013512604>
- Heathershaw, J., & Schatz, E. (2017). The rise of authoritarianism in Central Asia. *Perspectives on Politics*, 15(2), 341-357. <https://doi.org/10.1017/S1537592717000119>
- Herman, E. S., & Chomsky, N. (1988). *Manufacturing consent: The political economy of the mass media*. Pantheon.

- Human Rights Watch. (2022). "Shoot to kill": Abuses during the January events in Kazakhstan. HRW. <https://www.hrw.org/report/2022/12/06/shoot-kill/abuses-during-january-events-kazakhstan>
- Ibadildin, N., & Primiano, C. (2024). Understanding 'Bloody January' 2022: A 'Limited Access Order' in Kazakhstan. *Asian Affairs*, 55(4), 623-647. <https://doi.org/10.1080/03068374.2024.2427371>
- Isaacs, R. (2011). Informational autocracy in Central Asia. *Post-Soviet Affairs*, 27(3), 237-253. <https://doi.org/10.2747/1060-586X.27.3.237>
- Karibayeva, A., Lemon, E. (2023). From Qandy Qantar to Tragic January: State Framing of the January Events. In: Caron, JF. (eds) *A Revolt in the Steppe. The Steppe and Beyond: Studies on Central Asia*. Palgrave Macmillan, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-0783-0_4
- Kudaibergenova, D. (2022). *Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: Failing legitimacy, culture of protests and elite readjustments*. University of Cambridge.
- Laruelle, M. (2015). The three discourses of state identity in Kazakhstan. *Europe-Asia Studies*, 67(1), 78-97. <https://doi.org/10.1080/09668136.2014.985312>
- McCombs, M. (2004). *Setting the agenda: The mass media and public opinion*. Polity Press.
- McCombs, M., & Shaw, D. (1972). The agenda-setting function of mass media. *Public Opinion Quarterly*, 36(2), 176-187. <https://doi.org/10.1086/267990>
- North, D.C., Wallis, J.J., Webb, S.B., & Weingast, B.R. (2007). Limited Access Orders in the Developing World: A New Approach to the Problems of Development, The World Bank, Policy Research Working Paper 4359. <https://documents1.worldbank.org/curated/en/906591468315558892/pdf/WPS4359.pdf>
- Млечин, Л. (2022). *Трагический январь: Президент Токаев и извлечение уроков*. Москва.
- Pleines, H. (2023). Media control in authoritarian regimes. *Post-Soviet Affairs*, 39(2), 145-162. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2023.2180149>
- Roberts, S., & Zhemukhov, S. (2020). *Information politics in authoritarian states*. Oxford University Press.
- Scheufele, D. A. (1999). Framing, agenda-setting, and priming: The evolution of three media effects models. *Journal of Communication*, 49(1), 103-122. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1999.tb02784.x>
- Scheufele, D. A., & Tewksbury, D. (2007). Framing, agenda setting, and priming revisited. *Journal of Communication*, 57(1), 9-20. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.2006.00336.x>
- Төлегенова, Б., & Жовтис, Е. (2022). *Ескертусіз қасақана оқ ату*. Алматы: Human Rights Bureau. https://tirek.info/wp-content/uploads/2023/06/Qantar2022_05June2023_KAZ_final.pdf
- Troitskiy, E., Pogorelskaya, A., & Blagin, A. (2024). Kazakhstan's January 2022 crisis: Representations by national experts via social media. *Journal of Eurasian Studies*. 15(2), 227-238. <https://doi.org/10.1177/18793665231212575>
- Zhu, J. & Mukhin, N. (2021). The Modern Regency: Leadership Transition and Authoritarian Resilience of the Former Soviet Union and China. *Communist and Post-Communist Studies*. 54(1-2). 24-44. <https://doi.org/10.1525/j.postcomstud.2021.54.1-2.24>

References

- Azattyq radiosy. (2022). *Qandy Qantar qurbandary* [Victims of Bloody January]. Prague: RFE/RL. <https://www.azattyq.org/a/qandy-qantar-qurbandary-2022/31874931.html>
- Boin, A., 't Hart, P., Stern, E., & Sundelius, B. (2009). Crisis exploitation: Political and policy

- impacts. *Public Administration*, 87(2), 284-297. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9299.2008.01738.x>
- Budd, R., Craig, G., & Steinman, C. (1999). *Consuming media: Communication, shopping and everyday life*. Berg Publishers.
- Collins, K. (2006). *Clan politics and regime transition in Central Asia*. Cambridge University Press.
- Edelman, M. (1993). Contestable categories and public opinion. *Political Communication*, 10(3), 231-242. <https://doi.org/10.1080/10584609.1993.9962981>
- Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. *Journal of Communication*, 43(4), 51-58. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
- Entman, R. M. (2003). Cascading activation: Contesting the White House's narrative control. *Political Communication*, 20(4), 415-432. <https://doi.org/10.1080/10584600390244176>
- Gabdullin, B. (2023). Qantar-22: Neudavshiisya gosperevorot i probuzhdenie natsii. [January-22: A Failed Coup and the Awakening of the Nation]. Astana
- Goffman, E. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harvard University Press. https://monoskop.org/images/1/1e/Goffman_Erving_Frame_Analysis.pdf
- Greene, S. (2014). Information, repression, and polarization in authoritarian regimes. *Comparative Political Studies*, 47(11), 1590-1623. <https://doi.org/10.1177/0010414013512604>
- Heathershaw, J., & Schatz, E. (2017). The rise of authoritarianism in Central Asia. *Perspectives on Politics*, 15(2), 341-357. <https://doi.org/10.1017/S1537592717000119>
- Herman, E. S., & Chomsky, N. (1988). *Manufacturing consent: The political economy of the mass media*. Pantheon.
- Human Rights Watch. (2022). "Shoot to kill": Abuses during the January events in Kazakhstan. HRW. <https://www.hrw.org/report/2022/12/06/shoot-kill/abuses-during-january-events-kazakhstan>
- Ibadildin, N., & Primiano, C. (2024). Understanding 'Bloody January' 2022: A 'Limited Access Order' in Kazakhstan. *Asian Affairs*, 55(4), 623-647. <https://doi.org/10.1080/03068374.2024.2427371>
- Isaacs, R. (2011). Informational autocracy in Central Asia. *Post-Soviet Affairs*, 27(3), 237-253. <https://doi.org/10.2747/1060-586X.27.3.237>
- Karibayeva, A., Lemon, E. (2023). From Qandy Qantar to Tragic January: State Framing of the January Events. In: Caron, JF. (eds) *A Revolt in the Steppe. The Steppe and Beyond: Studies on Central Asia*. Palgrave Macmillan, Singapore. https://doi.org/10.1007/978-981-99-0783-0_4
- Kudaibergenova, D. (2022). *Making sense of the January 2022 protests in Kazakhstan: Failing legitimacy, culture of protests and elite readjustments*. University of Cambridge.
- Laruelle, M. (2015). The three discourses of state identity in Kazakhstan. *Europe-Asia Studies*, 67(1), 78-97. <https://doi.org/10.1080/09668136.2014.985312>
- McCombs, M. (2004). *Setting the agenda: The mass media and public opinion*. Polity Press.
- McCombs, M., & Shaw, D. (1972). The agenda-setting function of mass media. *Public Opinion Quarterly*, 36(2), 176-187. <https://doi.org/10.1086/267990>
- North, D.C., Wallis, J.J., Webb, S.B., & Weingast, B.R. (2007). Limited Access Orders in the Developing World: A New Approach to the Problems of Development, The World Bank, Policy Research Working Paper 4359. <https://documents1.worldbank.org/curated/en/906591468315558892/pdf/WPS4359.pdf>
- Mlechin, L. (2022). Tragicheskii yanvar': Prezident Tokayev i izvlechenie urokov. [Tragic January: President Tokayev and Lessons Learned]. Moscow
- Pleines, H. (2023). Media control in authoritarian regimes. *Post-Soviet Affairs*, 39(2), 145-162. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2023.2180149>

- Roberts, S., & Zhemukhov, S. (2020). *Information politics in authoritarian states*. Oxford University Press.
- Scheufele, D. A. (1999). Framing, agenda-setting, and priming: The evolution of three media effects models. *Journal of Communication*, 49(1), 103-122. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1999.tb02784.x>
- Scheufele, D. A., & Tewksbury, D. (2007). Framing, agenda setting, and priming revisited. *Journal of Communication*, 57(1), 9-20. <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.2006.00336.x>
- Tolegenova, B., & Zhovtis, E. (2022). Eskertusiz kasakana ok atu. [Deliberate shooting without warning]. Human Rights Bureau. https://tiredk.info/wp-content/uploads/2023/06/Qantar2022_05June2023_KAZ_final.pdf
- Troitskiy, E., Pogorelskaya, A., & Blaginina, A. (2024). Kazakhstan's January 2022 crisis: Representations by national experts via social media. *Journal of Eurasian Studies*. 15(2), 227-238. <https://doi.org/10.1177/18793665231212575>
- Zhu, J. & Mukhin, N. (2021). The Modern Regency: Leadership Transition and Authoritarian Resilience of the Former Soviet Union and China. *Communist and Post-Communist Studies*. 54(1-2). 24-44. <https://doi.org/10.1525/j.postcomstud.2021.54.1-2.24>

IRSTI: 19.21.07

A Comparative Analysis of Media Frames of the January 2022 Events in State and Independent Media Discourse

Bagdat Sultanqyzy
SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
email: 241308002@sdu.edu.kz

Abstract

This study offers a comparative analysis of framing and narrative structures in four key book-length publications on Kazakhstan's January 2022 events: Leonid Mlechin's «Tragic January: President Tokayev and Lessons Learned», Bigeldy Gabdullin's «January-22: A Failed Coup and the Awakening of the Nation», the human rights report «Deliberate Shooting without Warning» edited by Bakytzhan Toregozhina and Evgeniy Zhovtis, and Azattyq Radio's volume «Victims of Bloody January». This article offers a comparative analysis of framing and narrative structures in four major publications on Kazakhstan's January 2022 events. The study investigates how state-aligned and independent sources construct interpretive frames, highlight key actors, and shape the meaning of the events.

Using content analysis, frame analysis, and qualitative discourse analysis (including frame co-occurrence), over 1,000 coded units were examined across the four texts. This enabled the mapping of core thematic domains such as threat, statehood, rights, repression, victimhood, coup, and terrorism.

The findings demonstrate that state-oriented publications predominantly use the frames of threat, coup attempt, terrorism, and statehood, placing President Tokayev at the center and portraying January as an «organized attack aimed at destabilizing the state». Independent sources emphasize victimhood, rights violations, torture, shooting without warning, and peaceful protest, representing the events as a «humanitarian and human-rights crisis caused by excessive state force».

Co-occurrence analysis reveals two divergent causal logics: the state narrative follows the chain «threat – force – preservation of the state», whereas the independent narrative proceeds through «citizen – disproportionate force – rights violation – victim». These differences reflect broader tensions around legitimacy,

information control, and symbolic power in Kazakhstan.

Keywords: January events, framing, agenda-setting, media narrative, state and independent media, human rights.

МРНТИ: 19.21.07

Сравнительный анализ фреймов Январских событий в государственном и независимом медиадискурсе

Сұлтанқызы Бағдат

SDU University, Каскелен, Казахстан

email: 241308002@sdu.edu.kz

Аннотация

Данное исследование представляет собой сравнительный анализ фреймовых и нарративных структур в четырёх ключевых изданиях о событиях Января 2022 года в Казахстане: книге Леонида Млечина «Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков», работе Бигельды Габдуллина «Қаңтар-22: Неудавшийся государственный переворот и пробуждение нации», отчёте Б.Төрегожиной и Е.Жовтиса «Ескертусіз қасақана оқ ату...» и книге Радио Азаттык «Қанды Қаңтар құрбандары». Целью исследования выступает выявление различия в интерпретационных рамках государственных и независимых источников, определить ключевых акторов и основные смысловые конструкции события.

Методология включает контент-анализ, фрейм-анализ и качественный дискурс-анализ с учётом совместной встречаемости фреймов (со-occurrence). Всего зафиксировано более 1000 кодов, позволяющих проследить частотность и взаимосвязь тематических полей – «угроза», «государственность», «репрессия», «права», «жертва», «госпереворот», «терроризм» и др.

Результаты показывают, что государственные издания формируют интерпретацию Января через доминирующие фреймы «угроза», «госпереворот», «терроризм», «государственность» и фигуру «Президента Токаева», представляя события как «организованную атаку против государства». В независимых текстах преобладают фреймы «жертва», «нарушение прав», «пытки», «предупредительный/преднамеренный огонь», «мирный протест», что задаёт трактовку Января как «правозащитного и гуманитарного кризиса из-за непропорционального применения силы».

Анализ со-occurrence выявил две противоположные причинно-следственные схемы: государственный дискурс строится по модели «угроза – сила – сохранение государства», тогда как независимый – по цепочке «гражданин – непропорциональная сила – нарушение прав – жертва». Это демонстрирует не только различие интерпретаций, но и конфликт базовых представлений о государстве, гражданине и легитимности.

Выводы исследования указывают на то, что медианарративы о Январе отражают более широкий кризис легитимности, особенности авторитарного информационного управления и конкуренцию за символическую власть. Фреймовые структуры становятся ключевым индикатором борьбы интерпретаций и важным фактором формирования будущей исторической памяти о событиях Января.

Ключевые слова: Январские события, фрейминг, формирование и обозначение общественной повестки дня, медианарратив, государственные и независимые медиа, права человека.